Қосымша 2.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Экономика және есеп» кафедрасы**

# ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

| | |
|---|---|
| **Мамандық атауы:** | Есеп және аудит |
| **Мамандық шифры:** | 5В050800 |
| **Дайындау бағыты:** | Экономика және бизнес |
| **Берілетін дәрежесі:** . | Есеп және аудит мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры |

**Шымкент, 2016ж.**

Элективтік пәндер каталогы 5В050800- «Есеп және аудит» мамандығы үшін дайындалды.

**Құрастырушылар:** э.ғ.к., доцент Куланова Д.А
э.ғ.к., доцент Абдикеримова Г.

«Экономика және есеп» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ _________ № _____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ ______№ _____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі Куланова Д.А

ӘК төрайымы Абдикеримова Г.

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ ______ № _____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы Қожабергенова Н.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ ______ № _____ хаттама) бекітілді.

ОӘК төрайымы Қозбагарова Б.С.

## Кіріспе

**5B050800- «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім беру 2 траектория бойынша ұсынылады.**

1) 5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050801 – «Салалардағы бухгалтерлік есеп» траекториясы
2) 5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050802 – «Халықаралық есеп және аудит» траекториясы

Бітірушіге «Экономика және бизнес» дәрежесі беріледі.

5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050801 – «Салалардағы бухгалтерлік есеп» траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

Кәсіби қызметінің обьектілері болып қызмет түрлерінен, мөлшерінен, меншік нысандарынан және қатысушыларының (ҚР резиденттері және резидент еместері) санаттарынан тәуелесіз ұйымдар мен фирмалар, әр түрлі деңгейдегі бизнес құрылымдар және халықаралық ұйымдар, жалпыға міндетті білім беру мекемелері және ғылыми зерттеу институттары мен ұйымдары болып табылады.

5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050802 – «Халықаралық есеп және аудит» мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

Кәсіби қызметінің обьектілері болып қызмет түрлерінен, мөлшерінен, меншік нысандарынан және қатысушыларының (ҚР резиденттері және резидент еместері) санаттарынан тәулесіз ұйымдар мен фирмалар, әр түрлі деңгейдегі қоршаған ортаны қорғау, өндіріс, өнеркәсіп, әлеуметтік саласында және тиімді пайдалану ұйымдары, жалпыға міндетті білім беру мекемелері және ғылыми зерттеу институттары мен ұйымдары болып табылады.

Элективті пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды. 5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы бойынша негізгі оқылатын таңдау пәндері бірыңғай. Кәсіптендіру пәндері циклдерінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір төмендегідей пән айырмашылықтары көрсетіледі.

### Кәсіптендіру пәндері циклы

| 1- білім беру траекториясы. | 2-білім беру траекториясы |
|---|---|
| 1.1 Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 1.1Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есеп (3 кредит, 135 сағат) |
| 1.2 Өндіріс саласындағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 1.2 1С - Бухгалтерия (3 кредит, 135 сағат) |
| 1.3Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 1.3 Есептегі компьютерлік технологиялар (3 кредит, 135 сағат) |
| 2.1 Салалардағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 2.1 Тереңдетілген аудит (3 кредит, 135 сағат) |
| 2.2Сыртқы экономикалық қызметтегі бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 2.2 Компанияның қаржылық стратегиясы (3 кредит, 135 сағат) |
| 2.3 Туризмдегі бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 2.3 Инвестицияны экономикалық бағалау (3 кредит, 135 сағат) |
| 3.1 Бюджеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 3.1 Халықаралық корпорациялардағы есеп және аудит (3 кредит, 135 сағат) |
| 3.2 Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерекшеліктері. (3 кредит, 135 сағат) | 3.2 Халықаралық есеп (3 кредит, 135 сағат) |
| 3.3 Қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 3.3 Халықаралық есеп жүйелері (3 кредит, 135 сағат) |
| 4.1 Құрылыстағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат) | 4.1 Халықаралық банктік операциялар (3 кредит, 135 сағат) |
| 4.2 Қаржылық бақылау және аудит (3 кредит, 135 сағат) | 4.2 Ұзақ мерзімді банктік инвестициялар(3 кредит, 135 сағат) |
| 4.3. Қызмет көрстеу саласындағы бухгалтерлік есеп(3 кредит, 135 сағат) | 4.3 Валюталық операциялар (3 кредит, 135 сағат) |

Жоғары оқу орнында 5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050801 – «Салалардағы бухгалтерлік есеп» траекториясы және 5B050800 – Есеп және аудит мамандандығы 5B050802 – «Халықаралық есеп және аудит» траекториясыэлективті пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылады.

**Цикл атауы: Жалпы пәндер циклы 7 - кредит (315сағат)**

**1.1 Пән атауы: Әлеуметтану (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Әлеуметтануды қоғамның әлеуметтік жүйесін зерттейтін ғылыми пән ретінде таныту. Мұны жүзеге асыру үшін мынандай міндеттерді айқындау қажет: «қоғам» және «әлеумет» ұғымдарының ара қатысын ашу, әлеуметтану ғылымы, оның объектісі және пәнін, категориялары және заңдарын, құрылымы мен функциясын көрсете отырып, оның басқа қоғамдық ғылымдармен байланысын, ара қатысын ұғындыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)**. Әлеуметтанудың құрылымы мен функциялары. Әлеуметтану пәні. Қоғамның жекелеген қырларын, сипатты функцияларын бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін, теориялық зерттеу және жинақтау нәтижесі.

Мемлекет пен саяси партиялардың рөлі, кез келген мемлекеттің жұмыс істеуінің аса маңызды мәселелері.

Саяси биліктің мәні, биліктің функциялары, субъектілері мен объектілері, саяси жүйенің типтері мен формалары. Мәдениеттің анықтамасы, оның құрылымы, материалдық және рухани мәдениет. Мәдениетті анықтауға әртүрғыдан келу, қоғамдық өмірдің осы феноменінің көріну көпқырлығы. Мәдениет дамуының қысқаша тарихы (Ежелгі Египет, Индия, Қытай, Ежелгі Греция, Ортағысырлар және Қазіргі заман). Қазақстан халықтары мәдениетінің пайда болуы мен дамуы.

**Күтілетін нәтижелері** Әлеуметтану жастарға тарихи маңызыдылықтары мен ерекшеліктерін үйретеді.

**Пререквизит:** «Қазақстан тарихы», «Адам дамуы»

**Постреквизит:** «Философия». «Психология»

**Оқытушы:** Ахметова Ж.

**1.2 Пән атауы: «Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері» (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы.

**Қысқаша мазмұны:** Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси дәни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең – Ш.Уалихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

**Күтілетін нәтижелер:** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымды іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білік қалыптастырады.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттер**: жоқ

**Оқытушы:** Юлдашева Ф.

**1.3 Пән атауы: «Жалпы және әлеуметтік педагогика» (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік педагогика теориясы мен тәрбиесі туралы түсінік қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

**Күтілетін нәтижелер:** Жалпы және әлеуметтік педагогикалық жалпы мағынасын түсіндіру. Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану. Жалпы әлеуметтік педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістерімен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапына баяндамалар, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс. Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

**Пререквизиттер:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттер**: жоқ

**Оқытушы:** Жанысбеков Ә.

**2.1 Пән атауы: Саясаттану (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау дағдысын ұялату, саясат туралы қажетті білім беру, студенттердің санасында ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету. Студентерді Қазақстандағы және одан тыс жерлерде жүріп жатқан саяси процестерді ұғынуға және еркін бағалай алу ептілігіне тәрбиелеу; Саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, куелешегін және және негізгі түрлерін үйрету

**Қысқаша мазмұны:** Мемлекет пен саяси партиялардың рөлі, кез келген мемлекеттің жұмыс істеуінің аса маңызды мәселелері.

Саяси биліктің мәні, биліктің функциялары, субъектілері мен объектілері, саяси жүйенің типтері мен формалары. Мәдениеттің анықтамасы, оның құрылымы, материалдық және рухани мәдениет. Мәдениетті анықтауға әртүрғыдан келу, қоғамдық өмірдің осы феноменінің көріну көпқырлығы. Мәдениет дамуының қысқаша тарихы (Ежелгі Египет, Индия, Қытай, Ежелгі Греция, Ортағысырлар және Қазіргі заман). Қазақстан халықтары мәдениетінің пайда болуы мен дамуы.

**Күтілетін нәтиже:** Студенттер алған білімдерінен саясаттану құндылықтарды оқып үйренеді.

**Преквизиттері:**Экономикалық теория

**Постреквизиттері:** Микроэкономика , Макроэкономика

**Оқытушы:** Исмайлов Е.

**2.2 Пән атауы: «Дінтану» (2 кредит, 90 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** Дінтану пәні туризм мамандығы бойынша оқитын студенттердің діннің ежелгі формалары мен құрлымы, ерекшеліктері, мүндік сипаттары, тарихы мен қалыптасулары туралы түсініктер мен зерттеушілік ізденістерді танып-білуге мүмкіндік береді. Дүниежүзілік діндер тарихын оқыту мен игеру студенттердің діни наным-сенімдердің формалары мен діндердің шығуы туралы түсінік-танымын қалыптасутыруға негіз болады.

Студенттерге ежелгі діндер туралы ғылыми-зерттеушілік еңбектер және ежелгі дін формаларын жан-жақты зерделеуге барынша көмектесу, сонымен бірге дінтану пәндерін оқытуды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамассыз ету.

Ежелгі діндердің пайда болуы мен даму кезеңдерін және ежелгі діндердің ерекшеліктерін: студент танып-паркылауы тиіс:

-ежелгі діндер туралы теориялардың мән-мағынасы туралы өзіндік ой-пікірлерін айқын жеткізе білуі:

-Анемизм, тотемдік, фетишизм, магиялық сынды діндердің әлемдік діндердің қалыптасуындағы атқарған ролін саралап, бағамдай білуі керек.

-ежелгі діннің формалары және адамзаттың көне мәдениетіндегі діни наным-сенімдер екендігін білуі тиіс.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Дінтану оның пәні және функциясы. Әлемдік діндердің жалпы сипаттамасы. Адамзат тарихындағы діннің ролі. Діннің мәселелері мен сипаттамалары. Діннің қарапайым түрлері. Көне таяу шығыс қоғамдарында қалыптасқан діни жүйелер. Көне Иран жеріндегі діндер. Иудаизм діні. Индуизм діні. Христиан діні. Ислам діні пайда болуы мен тамыр жоюы Қазақстан Республикасындағы діни жағдай . Дін және саясат. Қазіргі Қазақстандағы діни конфессиялардың орны.

**Күтілетін нәтижелері:** Әлемдік діндер тарихын меңгерту. Діндердің шығу тарихы, қазіргі кездегі маңызы

**Пререквизит:** Жоқ

**Постреквизит:** Тұрғындар геограясы, Тарихи өлкетану,

**Оқытушы**: Жанысбеков Ә.

**2.3 Пән атауы: «Мәдениеттану» (2 кредит, 90 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** Мәдениеттің философиялық тұғырламаларын зерттеу негізінде студенттерде этномәдениеттердің қалыптасу және даму заңдылықтарын талдау қабілеттері мен әрекеттерін қалыптастырып нығайту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Мәдениеттану мәдениет туралы ғылым, сонымен қатар философиялық ілім. Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын оның өмір сүруінің принциптерін және бір – біріне этно - әлеуметтік саяси – моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен ерекшеленетін мәдениет түрлерінің өзара байланыстарының, тәуелдіктерімен зерттейді.

Мәдениеттану пәні сонымен қатар жергілікті және аймақтық мәдениеттердің сапалы ерекшеліктерін, олардыңөзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерінің мирасқорлығын, қарым – қатынасын зерттей отырып, адамзат баласының бір тұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды. Демек, мәдениеттану пәні түрлі қоғамдар барысындағы мәдени өмірді жан – жақты қамти отырып, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасайды.

Бағдарламада білім беру сапасын жақсарту мақсатында мемлекеттік халықаралық үлгілердің басты талаптары жан – жақты ескерген.

Ұсынылып отырған бағдарламада мәдениет дамуының өзекті мәселелерін қамтитын сұрақтар, студенттердің өз беттерімен ғылыми жұмысымен айналысуларына арналған мәселелердің тізімі, рефераттар тақырыптарымен қолданылатын әдебиеттер тізімі берілген.

**Күтілетін нәтижелері:** Адамзат баласының тарихи – мәдени дамуының жалпы заңдылықтарына ғылыми тұрғыдан талдау жасай отырып, оның басты бағыттарын айқындап көрсету;

Мәдениеттану ілімінің қоғамдағы өмірі мен рөліне баға бере отырып, мәдениеттің теңдесі жоқ тарихы және этноаймақтық феномендерін ғылыми тұрғыдан жан – жақты зерттеу;

Мәдениттану ғылыми саласында қалыптасқан түрлі мектептердің ілімдерін игеру, олардың өзіндік бет – бейнесін айқындау;

Бүгінгі таңдағы мәдениет дамуының өзекті мәселеріне мәдениеттанулық тұрғыдан ғылыми сипаттамалар беру және олардың мәнді, мәнсіз жақтарын айқындау

**Пререквизит:** Жоқ

**Постреквизит:** Тұрғындар географиясы, Тарихи өлкетану,

**Оқытушы**: Исмайлов Е.

**3.1 Пән атауы: Құқық негіздері (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі кәсіпкерлік құқық тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Кез келген ұйым кәсіпкерлік құқық функцияларын дұрыс дәрежеде қолдану арқылы тиімді жұмыс жасайды. Кәсіпкерлік құқық теориясы мен практикасы пәні басқару ғылымының мәселелерін жан

– жақты аша отырып, басқару туралы білімдер кешенін құрайды. Сол сияқты әртүрлі басқару қызметін жүзеге асыру, басқару жүйелерін талдау және оларды жобалауда нақтылы дағдыларды туғызады.

.

**Қысқаша мазмұны:** Қазіргі нақты экономикадағы кәсіпкерлік құқық рөлі өндірілетін өнім және қызмет түрінің бәсекелік қабілеті арттыру арқылы ұйымның тиімді қызметін қалыптастырумен байланысты. Қазіргі нақты экономикадағы кәсіпкерлік құқық рөлі өндірілетін өнім және қызмет түрінің бәсекелік қабілеті арттыру арқылы ұйымның тиімді қызметін қалыптастырумен байланысты.

**Күтілетін нәтижесі:** Кәсіпкерлік құқық теориясы практикасы нарық қарым қатынасындағы экономикалық тәуелсіз өндіріс буынына қажетті, кәсіпкерлік құқық ерекше түрі ретінде қарастырылады және ол нарық конюнктурасы мен бәсеке күрес жағдайларында сергек сезінуге қабілетті, икемді экономикалық басқару жүйесін ұғыну

**Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы

**Постреквизиттер:** Әлеуметтану

**Оқытушы:** Палванова М.

**3.2 Пән атауы: «Еңбек құқығы» (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бұл пәннің негізгі мақсаты еңбек құқық қатынастарының мәні мен құрылымын студенттер жан-жақты түсіне алатын дәрежеге жеткізу.Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны.Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама менқұқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сауатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрлымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және әлеументтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

**Күтілетін нәтижелері:** - «ҚР еңбек құқығы» курсын оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады;

- Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін, жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек;
- Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білу керек.

**Пререквизиттер:** Саясаттану

**Постреквизиттер:** Құқық негіздері

**Оқытушы**: Жаналиева А.

**3.3 Пән атауы: «Әкімшілік құқық» (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін,биліктің субьектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты

қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық құқық жүйенің негіздеуші саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет.

Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен карауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері:** Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы пәнін оқыту міндеттері:

- басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын зерттеу;
- басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін анықтау;
- әкімшілік құқық субьектілерінің құқықтық орнын анықтау;
- әкімшілік қызметінің әдістері мен түрлерін зерттеу;
- әкімшілік құқықтың субьектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

**Пререквизиттер:** Саясаттану

**Постреквизиттер:** Құқық негіздері

**Оқытушы**: Қожабергенова Н.

## Цикл атауы: Базалық пәндер циклы 49- кредит (2205сағат)

### 4.1 Пән атауы: Экономикалық саясат (2кредит, 90 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау дағдысын ұялату, саясат туралы қажетті білім беру, студенттердің санасында ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету. Студентерді Қазақстандағы және одан тыс жерлерде жүріп жатқан саяси процестерді ұғынуға және еркін бағалай алу ептілігіне тәрбиелеу; Саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, келешегін және негізгі түрлерін үйрету

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)**: Алғашқы экономикалық саясаттың ерекше сипаттық белгісі оның жеке-жеке қалыптасқан жағдайды түзетуге бағытталған стратегиясы.

Қоғамның дамуымен бірге экономикалық сана мен сенім де өзгереді, экономикалық құндылық ұғымының мазмұны ауысады. Осыған байланысты, тіпті дәстүрлі міндеттемелердің өзі де жаңаша көзқарасқа сәйкес шешіледі.

Экономикалық саясаттың тиімділігі. Экономикалық саясат – елдің саяси бағытын қолдан нығайтатын маңызды құрал.

**Күтілетін нәтижелері:** Студент пәнді терең оқып білу арқылы **с**аясат теориясын игереді. Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Экономикалық саясат елдегі саяси күштердің арақатынастарын, өндірістік-техникалық мүмкіншіліктерін, әлеуметтік құрылымының жағдайларын, мемлекеттік мекемелердің жалпы-экономикалық және жергілікті тәртіптерін есепке алып, ескеруі қажеттігін білу

**Пререквизиттер:** Мектепте оқытылған пәндер

**Постреквизиттер:** Саясаттану, Әлеуметтану, Философия, Экономикалық теория негіздері.

**Оқытушы**: Шалабай С.

**4.2 Пән атауы: ҚР кәсіпорындардың дамуы (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстан республикасында кәсіпорындардың дамуының экономикалық коньньюнктурасын талдау жасай отырып, ұлттық экономиканың көлемдерінде экономикалық жүйелермен үрдістерінің деңгейлерінің дамуын талдау.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

**Күтілетін нәтижелері:** Бұл пәннің оқу барысында магистрант Қазақстанда кәсіпорындарды ұйымдастырудың уйымдық құқықтық формалары мен түрлі деңгейінде шешім қабылдау процесін, әдістері мен функцияларын іс жүзінде пайдалануды үйренуге көмектеседі..

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:** Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық талдауы

**Оқытушы**: Джуманова А.

**4.3 Пән атауы: Мемлекет және бизнес (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы алынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоәарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, үәдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизімін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, накты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен үдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсібті иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

**Күтілетін нәтижелер**: Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

**Пререквизиттер:** Экономикалық теория.

**Постреквизиттер:** Экономиканы мемлекеттік реттеу.

**Оқытушы**: Стамкулова М.

**5.1 Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарыхының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің аләашқы сыншылары.

**Күтілетін нәтижелер**: Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарыхының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

**Пререквизиттер:** Жоғары оқу орындарының бағдарламасына сәйкес көлемдегі білім алу үшін студент әдебиеттермен, оқу құралдарымен, сөздіктермен, компьютермен жұмыс жасай білуі қажет.

**Постреквизиттер:** Курс соңында студент экономика облысында теориялық білім алып, ақпараттар ағыны ішінен қажетті деректерді таңдауды, салауатты тұжырымдар жасауды үйренеді және оларды тәжірибеде қолдануды машықтанады

**Оқытушы:** Асилбеков Д.

**5.2 Пән атауы: Институционалды экономика (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Курсты зерделеудің мақсаттары мен міндеттері әлеуметтік және экономикалық қатынастардың өзара байланыс және өзара әсер ету тетіктері экономикалық мінез-құлықтардағы, әлеуметтік экономикалық жүйенің элементі ретіндегі қоғам нормасы және жеке нормалардың рөлі туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру. Пәнді зерделеудің негізгі міндеттері келесілер: институционалдық экономиканың негізгі категорияларын және олардың экономикалық кеңістіктегі мазмұнын игеру; ескі институционализм, жаңа институционализм және институционализм теориясының эволюциясын зерделеу; институционалдық процесс ретіндегі экономика туралы көзқарасты дамыту; институттардың классикалық теориясы негізінде институционалдық экономиканың негізгі ережелерін зерделеу; қоғамның әлеуметтік және экономикалық ұйясының негізгі нысандарының бірі ретіндегі, институт туралы көзқарас қалыптастыру; осы заманғы экономикалық кеңістікте фирманың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі ретіндегі, трансакциялық шығындар категориясын зерделеу; осы заманғы экономикада контрактілер және олардың түрлері туралы түсінік, контрактілер тұрғысынан фирма туралы білімдің кеңейту.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Институционалдық экономика» курсы халық шаруашылығының қызмет етуінің макроэкономикалық негіздерін қарастыратын, экономикалық цикл пәндерінің құрамды бір бөлігі. Ол экономикалық мамандық студенттері зерделеуге арналған. ХХ ғасырдың соңғы 50 жылында барлық әлемде институционалдық экономикаға қызығушылық артты. ХХ ғасырдың 30 жылдары институционалдық экономика мәселелері бойынша алғашқылардың бірі болып еңбек жазған Р. Коуз, 70-і жылдары өзінің экономика саласындағы еңбектері бойынша Нобель сыйлығын алды. Бұл қоғамның өндіргіш күштерінің даму деңгейінің өзгеруімен, материалдық технологияларға жеңіл қол жеткізуімен және таратылуымен байланысты. өндіріс процесінде шығындарды қысқарту арқылы бәсекелесу қиындады. Сондықтан бәсекенің акценті ақпараттық шығындарға, келіссөздер жүргізудің табыстылығына ауысты ж. т. б. Ақпараттық процестердің күрделігі, нарықтық шешім қабылдаудың еркшіліктері қиындай түсті және зерттеудің басқа тәсілдерін талап етеді.

Сонымен:

- Институционалдық экономика жаңа классикалық экономикалық түсініктер, норма, институт, трансакциялық шығындар, үшін көзқарасты дамытты.
- Институционалдық экономика меншік құқы теориясының тиімді меншік иесі қозғарасы тұрғысынан зерттейді. Меншік құқығының спецификациясы контрактілерде дұрыс тұжырымдар таңдауға мүмкіндік береді.
- Институционалдық экономика неоклассикациялық нарықтық тепе-теңдіктің қатал алғы шарттарын жұмсартуға мүмкіндік береді. Оларды нақтылық тарапына өзгертеді, экономиканы нақты өмірге жақындатады.
- Институционалдық экономика – нақты экономикалық шындық үшін келесідей варианттарды, институт экспорты, институт импорты, институттың эволюциялық дамуы, бағалауға мүмкіндік береді.

**Күтілетін нәтижелер**: жоғарғы мектептің экономист студенттері үшін ұсынылатын, негізгі оқу құралдарын пайдалану арқылы лекциялық материалдар оқылуымен бірге пәннің теориялық сұрақтарын зерделеу; алынған білімді семинарлық сабақтар көмегімен, ағымдағы ғылыми және публицистикалық басылымдарды, ЖАҚ-ты зерделеу; алынған білімді бақылау жұмыстары, тестілер көмегімен тексеру; зерделенетін курс бойынша рефераттар (немесе курстық жұмыстар) жазу процесінде алынған білімді бекіту және тереңдету.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория.

**Постреквизиттері:** Қазақстан экономиканы мемлекеттік реттеу.
**Оқытушы**: Куланова Д.

**5.3 Пән атауы: Қазақстанның экономикалық тарихы. (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстанның экономикасын зерттеудің алғы шарты қазақстанның экономикалық тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістерін анықтау болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан территориясындаәы иемденуші және өндіруші шаруашылық. Қола дәуірінің экономикасы. Қазақстан территориясындаәы көшпелі және отырықшылық шаруашылықтың ерекшеліктері. Ерте феодалдық мемлеекеттердің экономикасы. Ұлы Жібек Жолы. Монғол шапқыншылығы және оның Қазақстан халқының экономикасына тигізген әсері, Қазақ хандығының экономикасы. Ресей және Кеңес мемлекетінің экономикасына Қазақстанның интеграциялық ықпалы. ҚРеспубликасындағы экономикалық жағдайы - нақты жағдай және перспективалар.

**Күтілетін нәтижелер**: Жоғарғы мектептің экономист студенттері үшін ұсынылатын, негізгі оқу құралдарын пайдалану арқылы лекциялық материалдар оқылуымен бірге пәннің теориялық сұрақтарын зерделеу; алынған білімді семинарлық сабақтар көмегімен, ағымдағы ғылыми және публицистикалық басылымдарды, ЖАҚ-ты зерделеу; алынған білімді бақылау жұмыстары, тестілер көмегімен тексеру; зерделенетін курс бойынша рефераттар (немесе курстық жұмыстар) жазу процесінде алынған білімді бекіту және тереңдету.

**Пререквизиттер**: Қазақстан тарихы.
**Постреквизиттер**: Экономиканы мемлекеттік реттеу.
**Оқытушы**: Мамытбекова М.

**6.1 Пән атауы: Кәсіпкерлік құқық (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсат** Кәсіпкерлік істі дамыту, ұқыпты басқару ретінде экономикалық мәселелер: кәсіпорынның тауар және баға саясаты, өнімнің өзіндік құны және кәсіпорынды қаржылық басқару, қаржылық менеджмент, қаржы жағдайын талдау, кәсіпорындағы маркетинг туралы тұжырымды түсініктер беру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Кәсіпкерлік құқық азаматтық құқықтың саласы (салаасты) ретінде. Кәсіпкерлік қызмет ұғымы. Кәсіпкердін құқықтық мәртебесі.Қазакстан Республикасындағы кәсіпкерліктің түрлері мен нысаны. Жеке кәсіпкерлік.Заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлігі. ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті құқықтық реттеу. Кәсіпкерлік құқық - оку пәні

**Күтілетін нәтижелері** Болашақтағы маркетинг маманына құқықтың барлық салаларына негіз болып келетін құқық институттарының жеткілікті білім көлемін игеруі қажет.

**Пререквизит:** Жоғары оқу орны бағдарламасы көлемінде Конституциялық, азаматтық, отбасылық, әкімшілік, еңбек, қаржылық, салық, банктік құқық тәрізді пәндер.

**Постреквизит:** «Құқық негіздері»
**Оқытушы**: Мамытбекова М.

**6.2 Пән атауы: Кәсіпкерлік (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазіргі бәсекелестік жоғары заманда, елдің нарықтық экономикасын көтерудің бірден-бір жолы отандық өндірушілердің өнімдерінің сапасын арттыру болып табылады. Нарықтық қатынастардың бүкіл қоғам үшін маңызы зор екендігін тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін атқарылған жұмыстар дәлелдей түседі.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Кәсіпкерлік - адам қызметінің өзгеше бір саласы және ол басқа еңбек түрлерінен ерекшеленіп тұрады. Екінші жағынан кәсіпкерлер – алдымен кәсіпкерлерлік жұмысты ұйымдастырушылар. Бұл ұйымға ол нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігін жатқызған. Бизнес – табыс әкелетін кез-келген қызметтің түрі. Бизнес кәсіпкерлік қызметпен байланысты болғанымен, олар екі түрлі ұйымдар. Нағыз кәсіпкер – ол өнертапқыш. Сондықтан да бизнеспен айналысатын адамдар, осы көзқарас тұрғысынан ешуақытта кәсіпкер бола алмайды. Бизнеске қатысатындардың барлығы жаңашылдық аша бермейді. Кәсіпкерлік – бұл адамды жаңа ізденіске бағыттайтын және осы жаңалықты жүзеге асыру үшін тәуекелге бас ұратын экономикалық қызмет. Кәсіпкерлік

қызметтің орны ең алдымен кәсіпорын. Кәсіпорын — белгілі бір өнім өндіретін немесе халыққа қызмет көрсететін заңды тұлға.

**Күтілетін нәтижелер**: Өнімді өткізу мен көрсетілген қызметтен түскен пайдадан ғана емес, сонымен қатар өндірістік қорлардың көлемінен (негізгі және өндірістік айналым қорлары), басқа да тұтыну қорларының жиынтығынан (әлеуметтік саладағы), жиналған қаражаттардан және тағы басқалардан көрінеді.

**Пререквизиттер**: Экономикалық теория.

**Постреквизиттер**: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорынның қаржы экономикалық талдауы.

**Оқытушы**: Асилбеков Д.

**6.3 Пән атауы: Кәсіпорынның банкроттылығы мен қайта құрылуы (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Кәсіпорынның банкроттлығы мен қайта құрылуының теориялық аспектілері бойынша студенттердің жалпы білім жүйесін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Заңды тұлғалардың банкроттылығы туралы жалпы ереже. Қасақана және жалған банкроттылық бойынша мемлекеттік органдардың өзара қатынасу тіртібі. Мүлік пен істі басқару бойынша кәсіби талаптар мен лицензиялау тәртібі. Банкроттылық процедурасында несие комитетін ұйымдастыру. Сот тәртібінде іст қарастыру. Сыртқы бақылауды ұйымдастыру. Реабилитациялық процедураны ұйымдастыру. Конкурстық өндіріс. Заңды тұлғалардың банкроттылығы мен қайта құрылуы. Кейбір заңды тұлғалардың банкроттылық ерекшелігі.

**Күтілетін нәтижелер**: Банкрот процесінің процедурасын, пәннің мәнін сипаттайтын ұғым-терминологиялық аппаратын, кәсіпорынның банкроттылығы бойынша теориялық, құқықтық және тәжірибелік білімді қажетті деңгейде әрекет жасау.

**Пререквизиттер**: Экономикалық теория, Микроэкономика.

**Постреквизиттер**: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорынның қаржы экономикалық талдауы.

**Оқытушы**: Ажибекова А.

**7. 1 Пән атауы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері (2кредит, 90 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** сыбайластыққа қарсы мәдениеттің және Қазақстанмен халықаралық деңгейде сыбайластыққа қарсы саясаттың негізгі элементтерінің теориялық негіздерін оқу

**Пәннің қысқаша мазмұны:** жемқорлық әрекеттеріне әсер ететін факторлар, жемқорлық көріністері туралы жалпы кешенді білімдер; сыбайлас жемқорлық саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліктермен, білімдермен қаруландыру күнделікті және білім алу қызметі кезінде, жемқорлық көріністерін қабылдаудағы сыншыл көзқараспен талдау.

**Күтілетін нәтижелері:** жемқорлықтың пайда болу негізі мазмұнын білу білім алушылар мемлекет жағдайындағы басты жемқорлықты анти әлеуметтік көрініс ретінде талдай алуға сонымен қатар кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың құрылымын және жиынтығын меңгеру
құқықтық білім беру саласын дамытуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған мемлекеттің қолданыстағы заңдылықтарын сараптаудың негізінде кәсіптік қызметте мәселерді шешуге бейімделу;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін жетілдіру;әлеуметтік-экономикалық қатынастары жүйесінің реформалануын меңгеру

**Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы

**Постреквизиттер:** Әлеуметтану,Философия, Кәсіби (қазақ тілі) орыс тілі, Қазақстан экономикасын басқару негіздері, Саясаттану

**Оқытушы**:Рысбаева С.

**7.2 Пән атауы: Мемлекеттік қызметкердің этикасы (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Әлеуметтік жүйе, әлеуметтік саланы басқарудың формалары мен әдістері, тиімді механизмдерін оқыту. Бұл пәнді оқытудың күрделілігі бар, себебі әлеуметтік сала жеткілікті күрделі, ауқымды және келесідей компоненттері бар: жүйені қалыптастырушы фактор

ретінде әлеуметтік қатынастарды біріктіретін, бұл қоғам мүшелерініңөмір салты және инфрақұрылымынан тұратын қоғамның әлеуметтік құрылым. Қоғамның қызмет етуінде бұл жүйенің рөлі адамдарды өмірлік қажеттілігін қамту болып табылады. Сонымен, әлеуметтік менеджмент әлеуметтік қатынастарды, қоғамның жеке адам өмірі мен жағдайын, әлеуметтік инфрақұрылымды, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік құрылымына әсер етуді қарастырад

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Мемлекеттік қызметкер әлеуметтік саланы ұйымдастыру іскерлігінің ерекшелігін, әлеуметтік саланы ұйымдастыру қызметінің ерекшеліктері мен параметрлерін анықтайтын ішкі және сыртқы факторларды; - әлеуметтік салада шаруашылық іскерліктің түрлі формалары.

**Күтілетін нәтижелері:** Мемлекеттік қызметкер әлеуметтік мәселелердің мазмұнын негіздеп құрастыру, сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған басқарушылық шешімдерді жасау тәсілдеріне ие болу. Әлеуметтік саладағы басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау әдістерін, басқарушылық шешімдердің әлуметтік салдарын бағалау; - әлеуметтік зерттеулердегі негізгі әдістер мен тәсілдерді, әлеуметтік зерттеулердегі негізгі әдістер мен тәсілдерді, міндеттері мен мақсаттарын құрастыруды білу, әлеуметтік салада басқарудың ақпараттық қамту жүйесінде әлеуметтік зерттеулердің қажеттілігі мен маңыздылығын негіздеу Құзыреттері (компетенциялары): әлеуметтік саланың ақпараттық қамту жүйесін құрудағы негізгі қағидаларын талдау.

**Пререквизит:** Макроэкономика, Микроэкономика, Экономикалық теория.

**Постреквизит:** Экономикалық саясат.

**Оқытушы**: Ажибекова А.

**7.3 Пән атауы: Корпоративті мәдениет және ұйым этикасы (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Корпоративтік мәдениет – бұл ортақ іске шын берілгендікті – ортақ мақсаттар мен құндылықтар төңірегінде ұжымды біріктіретін күшті фактор. Корпоративтік мәдениет компанияның сыртқы бейнесін қалыптастырып, оның имиджін құрады, әлеуметтік басқарумен байланысты міндеттерді шешуде елеулі рөл атқарады. Сонымен бірге өндірістік және әлеуметтік үдерістердің қарқынын анықтап, жаңашылдыққа бейімдеп және қоғамның позитивті өзін-өзі ұйымдастыру үдерісін ынталандырады. Корпоративті мәдениетті меңгерудің өзектілігі ұйымның бүкіл тіршілік қарікеті корпоративтік мәдениет аясында өтеді. Корпоративтік этика корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұйымның қызметкерлер мінез - құлықтарының этикалық аспектілерімен анықталады. Корпоративті этика мағынасы жағынан бизнес - қоғамда қабылданған мінез -құлық нормаларын біріктіретін іскер этикаға жақын.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** ҚР және шет елде корпоративті басқарудың институционалды ортасын білу ҚР корпоративті басқару жүйесінің дамуына әсер ететін факторларды талдау және жүйелендіру; - корпоративті басқаруды тиімді жүйесін құруда, әсіресе, корпоративті басқарудың ішкі құжаттамалық жүйесін, меншік иелерін қорғау жүйесін құруда қолданылатын құралдарды білу; - агенттік қайшылықтарды жою барысында корпоративті басқарудың негізгі элементтерін үйрену; - басқарудың корпоративті құрылымын құру тәжірибесімен танысу, олардың қызмет көрсету тиімділігін бағалау.

**Күтілетін нәтижелері:** Компанияда корпоративті басқару жүйесін жобалау; корпорация менеджерлері мен меншік иелерінің тиімді өзара қатынасу құралдарын пайдалану; корпоративті басқарудың ішкі құжаттамалық жүйесінің құрылымын құру; Игеру – компанияда корпоративті басқарудың тиімділігін бағалау; корпоративті басқарудың жүйесін арттыру бағытын жасау. Құзыреттері (компетенциялар): Компания менеджерлері және меншік иелерінің өзара қарым - қатынасының ашық жүйесін құрудағы тәжірибелік икемін игеру; корпоративті басқару органдары жұмысының тиімділігін бағалау бойынша ішкі талдау

**Пререквизит:** Макроэкономика, Микроэкономика, Экономикалық теория

**Постреквизит:** Экономикалық саясат

**Оқытушы**: Джуманова М.

**8.1 Пән атауы: Менеджмент (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Қазіргі нарықта экономикадағы менеджменттің ролі өндірілетін өнім мен қызмет түрінің бәсекелік қабілетін арттыру арқылы ұйымның тиімді қызметін

қалыптастырумен байланысты. Сондықтан болашақ менеджер мамандарға бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдамаларын сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу міндетті шарт.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)**. «Менеджмент » пәні микродеңгейде басқарудың методологиялық, әлеуметтік – экономикалық және психологиялық аспектілерін логикалық тізбекте қарастырады. Басқару процесінде қатысатыннегізгі элементтері болып коммуникация, басқару шешімдері, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау функциялары болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері** Менеджмент басқарудың мазмұнын жан – жақты ашады: басқару туралы білімдер кешенін құрайды, әр түрлі басқару қызметін жүзеге асыру, басқару жүйелерін талдаужәне оларды жобалауда нақтылы дағдылырды тудырады.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Макроэкономика, Микроэкономика

**Постреквизит:** Мемлекет басқару теориясы, Бизнес-жоспар

**Оқытушы:** Ли Светлана

**8.2 Пән атауы: Тайм- менеджмент (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Тайм-менеджмент» пәнінің мақсаты студенттерде бизнес өкілдері үшін жеке уақыт ресурсын басқару тізбегін қарастыратын және басқарушылық ерекшеліктерін көрсететін басқару туралы аналитикалық тұрғыдан ұйым қалыптастыру болып табылады. Пәнді оқыту міндеті және бакалаврларды дайындау жүйеіндегі оның орны. Студент нақты білім деңгейіне жетуі тиіс.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазіргі заманғы философия негіздері мен персоналды басқару тұжырымдамасын, персоналды басқару әдістері мен қағидалары, мәні, мақсаты мен заңдылықтарын; Ғылыми ұйымның және еңбекті нормалау негіздерін; Ұйымда еңбек жағдайын құру бойынша еңбек және демалыстың тиімді режимін, түрлі категориядағы ұйым персоналы қшін қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі алғашқы шаралар бағдарламаларын жасау негіздерін.

**Күтілетін нәтижелер:** Жұмыс уақыты мен персоналдың демалыс уақытының интенсивтілігі мен ұзақтығын есептеу дағдысын; Жұмысты талдау және жұмыс орнын талдау және оларды тәжірибеде қолдану; Жұмыс уақытын пайдаланып бақылау дағдысын. Құзыреттері (компетенциялары): Тайм – менеджменттің, әсіресе, психологиялық уақыттың негізгі тұжырымдамасы туралы білімді қалыптастыру; Жеке жұмыс уақыты мен ұйым персоналының жұмыс уақытын пайдаланумен бақылау дағдыларын меңгеру; Уақытты жоспарлау, есептеу мен түгендеу. Уақытты жоспарлау, есептеу мен түгендеудің оңтайлы әдістерін игеру.

**Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Экономикалық ілімдер тарихы.

**Постреквизиттер:** Кәсіпорын экономикасы.

**Оқытушы**: Бурлибаев Т.

**8.3 Пән атауы: Басқарушылық шешімдерді жасау (3 кредита, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бұл курс басқарудың тәжірибелік мазмұнының мәселелерін ашып, басқару туралы білім кешенін қалыптастырды, басқару іскерлігінің әр түрлерін жүзеге асырудың, басқару жүйесін талдау мен жаңа жүйені жобалауда нақты біліктілікті қалыптастырды. Бұл пәнде менеджмент нарықтық экономикада экономикалық жеке тізбектіңөндірілуіне қажетті ерекше түр ретінде және нарық конъюктурасы мен бәсекелестік күрес жағдайында бейімделуге мүмкіндігі бар икемді экономикалық басқару жүйесін білдіруші ретінде қарастырылады. Курстың мақсаты – студенттерде қазіргі заманға сай басқару ойы мен әр түрлі шаруашылық, әлеуметтік, психологиялық шешімдерді қазіргі әдістер мен құралдарды қолдана отырып шешу мүмкіндіктерін қалыптастыру болып

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Әлеуметтік саланы ұйымдастыру іскерлігінің ерекшелігін, әлеуметтік саланы ұйымдастыру қызметінің ерекшеліктері мен параметрлерін анықтайтын ішкі және сыртқы факторларды; - әлеуметтік салада шаруашылық іскерліктің түрлі формаларын білу үйрену - әлеуметтік мәселелердің мазмұнын негіздеп құрастыру, сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған басқарушылық шешімдерді жасау тәсілдеріне ие болу. Игеру - әлеуметтік саладағы басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау әдістерін, басқарушылық шешімдердің әлуметтік салдарын бағалау; - әлеуметтік зерттеулердегі негізгі әдістер мен тәсілдерді, міндеттері мен мақсаттарын құрастыруды білу, әлеуметтік салада

басқарудың ақпараттық қамту жүйесінде әлеуметтік зерттеулердің қажеттілігі мен маңыздылығын негіздеу Құзыреттері (компетенциялары): әлеуметтік саланың ақпараттық қамту жүйесін құрудағы негізгі қағидаларын талдау.

**Күтілетін нәтижелер:** Білу: - ұйымдастырушылық мәселелерді шешу әдістерін; - басқарушылық шешімдерді құру; - ұйымдастуршылық-экономикалық жүйенің дамуына қатысты басқарушылық шешімдерді жасау ерекшелеліктерін; - тәуекел жағдайында шешімдерді қабылдау мәселелерін. Үйрену – басқарушылық шешімдерді құру үшін мақсаттарын жасау; - басқарушылық шешімдерді қабылдау алдында жағдайға талдау жасау; - басқарушылық шешімдерді жасауды ұйымдастыру; - басқарушылық шешімдердің бақылауын және орындалуын ұйымдастыру. Игеру: - басқарушылық шешімдерді орындау әдістерін; - тәуекел жағдайда басқарушылық шешімдерді жасау және қабылдау. Құзыреттері (компетенциялары): Басқарушылық шешімдерді қабылдау және жасаудың теориялық негіздері және болашақ іскерлікке қажетті тәжірибелік икемділік.

**Пререквизиттер:** Экономикалық теория, Экономикалық ілімдер тарихы.

**Постреквизиттер:** Кәсіпорын экономикасы, Қаржылық менеджмент

**Оқытушы**: Садықбекова А.

**9.1 Пән атауы: Маркетинг (3кредит, 135 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** Студенттерге осы пән арқылы нарық жағдайындағы кәсіпорындар мен фирмалардың табысты іс - әрекеті көбінесе қабылданатын маркетингтік шешімдерге байланысты болып келеді. Сондықтан да, шаруашылық жүргізудің көп салаларында маркетингтік қызметтің білікті және дұрыс жүргізілу сауалдары маңыздылыққа ие болады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Маркетинг теориясы ХХ ғасырда АҚШ – та пайда болды. Отандық экономикаға байланысты маркетингті енгізу мен дамыту нарықтық ортаның қалыптасуымен сипатталады. Ғылыми пән ретіндемаркетинг эвалюциясы. Маркетинг - өрлеу үшін күресте әр – түрлі ұйымдарда қолданатын құралдардың бірі болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері** Маркетинг теориялық негіздерін және категориялы - түсініктеме аппаратын оқыту, сонымен қатар маркетинг элементтері мен принциптерін пайдалану бойынша тәжірибелі дағдыларды игеру.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Экономикадағы математика, Әлеуметтану

**Постреквизит:** Статистика, Қаржы, Бизнес-жоспарлау

**Оқытушы**:Мамытбекова М.

**9.2 Пән атауы: Қызмет көрсету маркетингі. (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қызмет көрсету пәнніңнегізі міндеттері: Келесі сұрақтарды зерттеу болып табылады. Халықаралық денгейде қабылданатын шешімдердін негізгі принциптері мен концепциялары әйгелі шетел. Пәнді оқытудың мақсаты - маркетингтің теориялық негіздерін және категориялы - түсініктемені оқыту. Сонымен қатар қызмет көрсету маркетингінің элементтері мен принциптерін пайдалану бойынша басқара білу. Қызмет көрсету пәнінің негізгі міндеттері: келесі сұрақтарды зерттеу болып табылады. Халықаралық деңгейде қабылданатын шешімдердің негізігі принциптері мен концепцияларын әйгілі шетел және отандық кәсіпорындар қызметінің мысалында меңгеру болып табылады: маркетингің теориялық негіздері мен концепциялары; маркетинг ортасы мен оның құрамдастары; маркетинг ақпарат жүйесі және маркетинг зерттеулері; тауар және қызметтер рыногындағы тұтынушылық іс -әрекет теориясының негіздері; - рынокты сегменттеу және тауарды жайғастырудың әдістемелік негіздері; маркетинг жуйесіндегі тауар саясаты; баға құру және баға стратегиялары; өткізу және тауар козғалысы жүйесі тауар мен кызметтерді алға жылжыту- маркетинг құрамдасы; маркетингті баскару, жоспарлау және бақылау үрдісі. маркетинг зерттеулері; -тауар және қызметтер рыногындағы тұтынушылық іс -әрекет теориясының негіздері

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Өткізу мәні мен мазмұны, концепциясы. Өткізу тәуекелін басқару. Коммуникативік саясат және тауарды жылжыту. өнімді тарату және өткізу. Өнімді өткізу және маркетингтік коммуникациялар. Тұтынушылардың маркетинг жүйесіндегі рөлі. Мәдениет тұтынушылар психологиясының факторы ретінде. Тұтынушының әлеуметтік кеңістігі. Әлеуметтік топтар. Тұтынушылар іс-құлығының типтері. Сән. Киімді тұтыну. Баға тұтынушылар мінез-құлқының факторы. Мотивация. Тұтынушылардың жеке тұлғасы. Эмоция. Тұтынушылардың жеке құндылықтары, өмір салты және ресурстары.

**Күтілетін нәтижелері:** Білу - маркетинг категорияларының түсінігін, сипатын, ерекшекліктерін; маркетингтік басқару әдістерін бизнесте пайдалану тәртібі; маркетинг тәсілдер мен шаралардың мазмұнын, сипатын; Игеру - Халықаралық денгейде қабылданатын шешімдердін негізгі принциптері мен концепцияларын; Меңгеру – маркетингтік басқарудың сипатын, мазмұнын; нарықтық экономиканың ерекшеліктері, маркетинг әдістерін – тауарды өткізу, тарату, жылытуды фирмада пайдалануды меңгеруі керек. Құзіреттер : -маркетингің теориялық негіздері мен концепциялары; -маркетинг ортасы мен оның құрамдастары; -маркетинг ақпарат жкйесі.

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:** Банктік маркетинг.

**Оқытушы**: Асилбеков Д.

**9.3 Пән атауы: Баға белгілеу (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге осы пән арқылы нарық жағдайындағы кәсіпорындар мен фирмалардың табысты іс - әрекеті көбінесе баға стратегиясын дұрыс анықтауға байланысты болып келеді. Сондықтан да, шаруашылық жүргізудің көп салаларында бағаны анықтап икемді саясатты білікті және дұрыс жүргізілуі маңыздылыққа ие болады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Баға белгілеудің теориялық негіздері, нарықтық экономикадығы бағаның ролі мен маңызын зерттеуі; бағаның кәсіпорынның маркетингтік саясатының басқа да элементтерімен ара қатынасын анықтауы; кәсіпорында баға құрудың әдістемелік негіздері мен бағалық стратегиялардың негізгі түрлерін және оларды қолданудың шарттарын зерттеуі; экономиканың әртқрлі салаларында баға құрудың ерекшеліктерін белгілеу.

**Күтілетін нәтижелері:** баға, баға белгілеу қаэидалары;бағаға әсер ететін факторлар;баға белгілеу әдістері мен стратегиялары;дүниежүзілік бағалар мен сыртқы сауда бағаларының мәні жүнінде түсініктері болуы;бағаның негізгі классификациясын, бағаның құрамы мен құрылымын;нарықтыңәр түрлі типтерінде баға белгілеу ерекшеліктерін;
баға белгілеудің тактикалық жолдарын; ҚР баға облысындағы мемлекеттік саясатын білуі;бағаны құруәа ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін бағалауға;
нарықтық конъюктураны есепке алу арқылы баәаны қүруәа;
кәсіпорынның бағалық стратегиясын анықтауға;
баәа индекстерін анықтауәа және олардың динамикасын талдауәа икемді болуы;
көтерме, жіберу, бөлшектік және көтерме-жіберу бағаларын есептеуге;
өздік құнды ққру бойынша; салықтың әртүрлі түрлерін есептеуге және қорытынды қаржылық нәтижені құруға практикалық машықтарды иемденуі қажет.

**Пререквизиттер:** Экономикалық теория

**Постреквизиттер:** Кәсіпорын экономика.

**Оқытушы**: Кембаева Р.

**10.1 Пән атауы: Экономиканы мемлекеттік реттеу (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Студент экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру мен оның әдістемесін, теориялық негіздерін, механизімдерін, тәсілдері мен мәндерін терең біліп, олардың нақты тарихи және әлеуметтік - экономикалық жағдайларда қолданылуын игеру тиіс.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Экономиканы мемлекеттік реттеу обьективті қажеттілігімен оның мәні.Қоғамдық экономикалық жүйенің типологиясы мен шаруашылық жүргізудің негізгі үлгілері. Нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуындағы мемлекеттің ролі.

**Күтілетін нәтижелері** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Кәсіпорын экономикасы, Макроэкономика, Экономикалық ілімдер тарихы

**Постреквизит:** Экономикалық болжам, Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**10.2 Пән атауы: Мемлекеттік басқару теориясы (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқутудың мақсаты:** Болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Кез келген ұйым басқарудың функцияларын дұрыс дәрежеде қолдану арқылы тиімді жұмыс жасайды. Басқару теориясы мен практикасы пәні басқару ғылымының мәселелерін жан – жақты аша отырып, басқару туралы білімдер кешенін құрайды. Сол сияқты әрткрлі басқару қызметін жүзеге асыру, басқару жүйелерін талдау және оларды жобалауда нақтылы дағдыларды туғызады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазіргі нақты экономикадағы менеджменттің рөлі өндірілетін өнім және қызмет түрінің бәсекелік қабілеті арттыру арқылы ұйымның тиімді қызметін қалыптастырумен байланысты.

**Күтілетін нәтижелер:** Мемлекеттік басқару теориясы практикасы нарық қарым қатынасындаәы экономикалық тәуелсіз өндіріс буынына қажетті, басқарудың ерекше түрі ретінде қарастырылады және ол нарық конюнктурасы мен бәсеке ккрес жаәдайларында сергек сезінуге қабілетті, икемді экономикалық басқару жүйесін ұғыну.

**Пререквизит:** Микроэкономика, Экономикалық ілімдер тарихы, Экономикалық теория

**Постреквизит:** Қазынашылық.

**Оқытушы**: Шалабай С.

**10.3 Пән атауы: Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру пәнін оқу барысында транзиттік экономиканың проблемалары, нарықтық қатынастар сферасының кеңеюі жаәдайында оны мемлекеттік басқарудың теориясы мен тәжірибесі мәселелерінің маңыздылығын білу қарастырыләан. Сондай –ақ еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуын мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру мен оныо методологиясы бойынша студенттердің жеткілікті білімді болуына үйретеді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру ұйымдастырушылық мінез құлықты басқарудың маңызды аспектісі болып табылады.Осы мәселені шешу үшін ұйымдастыру теориясын, ұйымдағы мінез құлық тәжірибесін зерттеу,ұйымдастыру мәселелерін талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін теорияны қолдану керек. Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру пәнін оқытудың мақсаты басқару өнері мен ғылымның тұтастығы болып табылады, себебі бұл пән басқарудың көптеген экономикалық, қаржылық, құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерін, сонымен қатар менеджменттегі мінез құлықтық ғылымдарды оқытуда ең рәміз звено болып есептелетін ұйымдағы жұмысшылардың мінез құлқын қалай басқару керек екендігін оқытады.

**Күтілетін нәтижелері:** Ұйымдағы мінез құлық тәжірибесін зерттеу, ұйымдастыру мәселелерін талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін теорияны қолдану үйренеді.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Микроэкономика.

**Постреквизиті:** Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорын қаржы экономикалық талдауы.

**Оқытушы**: Сабдалина А.

**11. 1 Пән атауы: Статистика (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Студенттер ғылыми үйымдастырылған жүйеде, статистикалық әдістерді, қолдану арқылы әлеуметтік – экономикалық құбылыстар мен процестердің сандық өзгерістерін, сапалық жағына байланыстыра отырып, зерттеу жұмыстарын қалай жүргізу керек екендігін үйретеді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Статистикалық зерттеу обьектісіне – қоғам жатқызылады және оның әр алуан көріністері мен формасын қарастырады. Статистика әлеуметтік – экономикалық құбылыстармен процестерге изерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қоғамдық ғылымның негізі қағидалары мен заңдылықтарына сүйенеді.

**Күтілетін нәтижелері** Қоғамдық құбылыстар жайындағы жаппай мәліметтерді жинау, есептеу, талдау, және оған қорытынды жасау сияқты әртүрлі тәсілдерді үйренеді.

**Пререквизит:** Макроэкономика, микроэкономика, экономикалық теория

**Постреквизит:** Әлеуметтік – экономикалық статистика, кәсіпорын статистикасы

**Оқытушы**: Абдикеримова Г.

**11.2 Пән атауы: Әлеуметтік –экономикалық статистика ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қоғамдық құбылыстар мен үрдістердің даму заңдылықтары мен тенденцияларын анықтауда

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Статистика жаңа кредитік жүйе бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру үшін дайындалған және оқу бағдарламасындағы тақырыптарға сәйкес жазылған. Статистика пәнінің мазмұны мен қолданылатын әдістері, терминдері мен анықтамалары қысқаша түсінікті түрде келтірілген. Қоғамдық құбылыстар мен үрдістердің даму заңдылықтары олардың өзгеру қарқынын, әсер етуші факторлардың әсер мөлшерін зерттеуде корреляциондық-регрессиондық және тренд модельдері арқылы есептер шешкенде компьютерді қалай пайдалану, есептерді қалай шығару және талдау жүргізілуі толық келтіріледі.

Пәннің міндеті: Бұл пәнді оқытудың негізгі мазмұны студенттерді ғылыми ұйымдастырылған жүйеде, статистикалық әдістерді қолдану арқылы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің сандық өзгерістерін, сапалық жағына байланыстыра отырып, зертеу жұмыстарын қалай жүргізу керек екендігін үйретеді.

**Күтілетін нәтижелер**: Статистиканы өту барысында жаңа кредитік жүйе бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру үшін дайындалған және оқу бағдарламасындағы тақырыптарға толық қамтуы қажет. Статистика пәнінің мазмұны мен қолданылатын әдістері, терминдері мен анықтамалары меңгерілуі қажет.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, экономикалық ілімдер тарихы, микроэкономика.

**Постреквизиттері:** Кәсіпорын экономикасы.

**Оқытушы**: Умбиталиев А.

**11.3 Пән атауы: Кәсіпорын статистикасы ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Экономикалық коньньюнктураны талдаудың математикалық модельдерін, кәсіпорын ұлттық экономиканың көлемдерінде экономикалық жүйелермен үрдістерінің деңгейлерінің дамуын талдау.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Ақпараттандыру қоғам дамуының заңды кезеңі. Қазіргі кездегі қоғам дамуындаәы экономикалық ақпараттық жүйелердің мәні және рөлі. Экономикадағы және менеджметтегі ЭАЖ-дің дамуының болашағы.

Нарық экономикасына өту жағдайында жоғары және арнаулы орта оқу орындарында білім алып жатқан бакалаврлар мен магистрлер, статистиканың жалпы теориясының принциптері мен тәсілдерін, мәліметтерді бақылау мен жинау, топтау мен өңдеу және талдау әдістерін меңгеру арқылы, жалпы қоғамдық құбылыстар мен үрдістердің даму заңдылықтары мен тенденцияларын, олардың сандық мәндерін сапалық сипаттарымен байланыстыра отырып, олардыңөзгеру қарқынын, оларға әсер етуші факторлардың әсер мөлшерін және т. б. зерттеулерді үйрену.

Нарық экономикасына өту жағдайында статистиканың жалпы теориясы әдіснамасын: жалпы принциптерін, әдістерін, мәліметтерді бақылау, жинау, топтау, өңдеу және талдау әдістерін меңгеру.

Жалпы қоғамдық құбылыстар мен процестердің даму тенденцияларын, заңдылықтарын, олардың сандық сипаттары мен өзгеру қарқындарын, әсер етуші факторлардың әсер мөлшерін және т.б. зерттеуді үйрену. Қоғамдағы құбылыстар мен экономикалық процестердің құрылымын және өзара байланыстық мөлшерін, жағдайын, олардың даму тенденциясы мен өзгеру қарқынын зерттейтін әдіснаманы үйрену, меңгеру;

статистиканың әдістері мен тәсілдері жәрдемінде қоғамдық құбылыстар мен экономикалық процестерді статистикалық модельдеу және оны компьютер жәрдемінде шешу және талдауды меңгеру.

**Күтілетін нәтижелер**: Статистиканы өту барысында жаңа кредитік жүйе бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру үшін дайындалған және оқу бағдарламасындағы тақырыптарға толық қамтуы қажет. Статистика пәнінің мазмұны мен қолданылатын әдістері, терминдері мен анықтамалары меңгерілуі қажет.

**Пререквизиттер:** Экономикалық теория, микроэкономика, макроэкономика, бухгалтерлік есеп пәндерінің материалдарын жақсы меңгеріп білу қажет.

**Постреквизиттер:** Салық және салық салу, Кәсіпорын экономикасы.

**Оқытушы**: Куланова Д.

**12.1 Пән атауы: Ақша, несие, банктер (2кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Несиелік саясаттың қалыптасу мәселелері. Несиелік келісім шартқа отыру және оның пайдалануын бақылау. Несиенің қайтымдылығын қамтамасыз ету. Монетарлы саясаттың басым бағыттарын көрсету. ҚР ақша- несие жүйесін жетілдіру жолдары.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасында несие ісін қалыптастыру және дамыту. Ұлттық банкті қалыптастыру. Қазақстан Республикасында екі деңгейлі банк жүйесі. Арнайы қалыптасқан несие-қаржылық банк жүйесі (квазибанктер) олардың түрлері және спецификалық қызметі. Қазіргі кезеңдегі ҚР ақша-несие саясаты. Қазақстан Республикасының монетарлы саясаттың бағыттары.

**Күтілетін нәтижелері:** Коммерциялық банктерде несиелік, депозиттік, және басқа да жүргізілетін операциялардың теориялық негіздерін білу, сонымен қатар заңдық және ноowтивтік құжаттарды білу, Қазақстан Республикасының территориясында банктік операцияларды жүргізудің механизімдерін игере білу және тәжірибенің болуы.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Қаржы

**Постреквизит:** Коммерциялық банктердің қызметін ұйымдастыру

**Оқытушы:**Куашбай С.

**12.2 Пән атауы: Экономикадағы ақша-несиелік реттеу .(2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Экономикадағы ақша-несиелік реттеу» курсы - теориялық курс. Ол болашақ қаржыгерлер мен банкирлерді кең профильді маман ретінде дайындауға негіз береді. Бұл курс экономикалық теория, макро - және микродеңгейдегі экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және аудит, менеджмент және сол сияқты басқа оқу пәндерімен қосылып ақша-несие қатынастарының, банктік қызмет теориясының және оны ұйымдастыру негіздерінің мәні туралы білімді қалыптастырып, олардың маңызы мен экономикадағы қолдану механизмін тереңірек тксінуге мүмкіндік береді.

«Ақша, несие, банктер» оқу пәні келесі мақсаттарды көзделеді:

–студенттерде ақша, несие және банктердің теориялық аспектілері, ақша және несие жүйесін, халықаралық несие - есептік және валюталық қатынастар, бағалы қағаздар нарығының қалыптастыру негіздерінің толық білім жүйесін қалыптастыру;

–ақшаның, ақша айналымының, банктік және биржалық қызметтің маңызын беретін тксіндірме - терминологиялық аппаратты ұсыну;

–барлық түсініктердің өзара байланысын, олардың ішкі логикасын ашу.

«Ақша, несие, банктер» пәнінің міндеттері болып табылады:

–ақша теориясы бойынша студенттерге қажетті теориялық білімнің минимумын ұсыну;

–оларда, экономиканың ақша-несие саласындағы болашақ қызметі үшін тәжіріибелік дағды қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Ақша-несиелік реттеу ұғымы және теориялары. Ақша агрегаттары. Ақша-несие саясаты. ҚҰБ-нің ақша-несиелік реттеудегі рөлі. Есепке алу мөлшерлемесі. Міндетті резерв нормасы. Ашық нарықтағы операциялар. Валюталық интервенция. Инфляциялық таргеттеу. Трансмиссиялық механизм. Валюталық саясат және валюталық бағам режимі. Валюталық реттеу және бақылау. Ақша-несиелік реттеудің әлемдік тәжірибелері.

**Кктілетін нәтижелер**: - банктік операцияларын өткізу барысында заңдылықты;

- ақша, несиенің және бактердің теориялык негіздерін, практикалық қолданады;
- Қазақстанда ақша жүйесінің даму мәселесі мен болашағын;
- Қазақстанның экономикалық жағдайында шетелдің оң тәжірибелерін қолдану.

**Пререквизиттер:** «Экономикалык теория», «Микроэкономика», «Экономиканы мемлекеттік реттеу», Қаржыға кіріспе жалпы курстарын толық білу қажет.

**Постреквизиттер:** Кәсіпорынның қаржы-экономикалық талдауы, Инвестицияларды қаржыландыру және несиелендіру.

**Оқытушы**: Куланова Д.

**12.3 Пән атауы: Коммерциялық банктердің қызметін ұйымдастыру (2 кредит, 90 сағат)**
**Оқытудың мақсаты:** Коммерциялық банктердің қызметін ұйымдастыру пәні. Коммерциялық банктердің ұйымдастырылуы. Нарықтық экономика жағдайындағы коммерциялық банктерді қаржылық талдаудың мазмұны және міндеттері. Қаржылық талдаудың әдістері мен тәсілдері. Қаржылық жағдайды талдаудың мағынасы, міндеттері және ақпараттық базасын құрайды.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Жиынтық капиталды талдау және оның элементтері. Баланстың өтімділігін талдау. Төлем қабілеттілік пен қаржылық тұрақтылықты талдау нәтижелері. Несиені өтеу қабілеттілігі. Нарықтық экономика жағдайындағы табыстылықты талдау. Коммердиялық банктердің несиелік портфелін басқарудың теориялық негізі. Коммерциялық банктердің ссудалық операцияларының мәні және жіктелуі.

**Күтілетін нәтижелері :**

- ақша қарым-қатынастардың түрлері мен қалыптарын ажырату;
- несиелік механизмын қолдану;
- практикада несиелендіру, ақша жоспарлау, ұйымдастыру саласында теориялық білімді колдану.

Тәжірибелік сабақтарға қатысып және СӨЖ тапсырмаларын орындап Сіз істей білесіз:

– мемлекеттің экономикасын тұрақтандыру, ақша айналымын күшейту туралы есептерді талдау; ақша айналым облысындағы даму тенденцияларын талдау, ақша айналыстағы нысана мәселелерін анықтау

– банктің актив және пассив операциялардың құрылымын анықтау, коммерциялық банктердің қызыметін реттейтін экономикалық нормативтарын санау;

– несие алушының борыш төлеу қабілеттілігі бойынша жекеменшік қаржы крсеткіштерін санау, Несиелік келісімшартты құрастыру, коммерциялық банктердің қызыметін сенімділік, тұрақтылық, өтімділік, төлеу қабілеттілік, кіріс көрсеткіштер арқылы бағалау.

**Пререквизит:** Қаржыға кіріспе, Экономикалық теория

**Постреквизит:** Қаржы менеджменті, Банк ісі.

**Оқытушы:** Умбиталиев А.

**13. 1 Пән атауы: Кәсіпорын экономикасы(3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Кәсіпорын экономикасының негізгі бастапқы буыны болып табылады, және кәсіпорын экономикасының негіздерін білу – білікті мамандарды дайындаудың міндетті шарты. Шаруашылық жүргізудің нарықтық типі жағдайында кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизімін зерттеу негізінде студенттердің экономикалық ойын дамыту болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Қазақстан Республикасында жүргізілген экономикалық реформалар кәсіпорын экономикасының негізгі буынының құқықтық, қаржы экономикалық және әлеуметтік жағдайын оның азаматтық және шаруашылық айналымы жүйесіндегі мәртебесін бірталай өзгерді.

**Күтілетін нәтижелері** Бұл пәнді оқу студенттердің қалыптасқан құқықтық, экономикалық, қаржылық және әкімшілік ортада кәсіпорынның қызмет етуінің жаңа механизімінің білімімен студенттерді қаруландыру мүмкіндігін береді.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Менеджмент теориясы мен практикасы, Маркетинг негіздері, Экономикалық – математикалық моделдеу, Әлеуметтік экономикалық статистика.

**Постреквизит:** Өндірісті басқару мен ұйымдастыру, Басқару есебі, Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру.

**Оқытушы:** Абдикеримова Г.

**13.2 Пән атауы: Кәсіпорын қаржысы (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Аталған пәннің негізгі мақсаты кәсіпорындар әр меншіктегі мекемелердің қаржы жағдайын терең зерттеп, оның ақша ресурстарын қалай табу, ірі қарай қаржы жағдайын тұрақтандырып, қандай мақсатта жұмыстар жүргізу негізінде оның дамып жетілуі, рентабельдігімен арттыру кепілдігіне қол жеткізу жолдарын оқыту.

**Қысқаша мазмұны (негізгі таруалары):** Кәсіпорын қаржысын білудің негізі өндірістік кәсіпорындар мен комерциялық ұйымдардың қаржы ресурстары және олардың құрылу көздерін қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелері:** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Қаржыға кіріспе

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық талдау.

**Оқытушы**: Сабдалина А.

**13.3 Пән атауы: Кәсіпорындағы қаржылық есептілік (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық есептілік концепцияларын менгеру және құрудың принциптері; бухгалтерлік баланстың құрылымын және мазмұнын зерттеу, қаржылық есептіліктің құрастырылуы және өткізілуі; қаржылық есептілік элементтер есебін оқыту: қысқа және ұзақ мерзімді, ұйымдардың капиталы мен міндеттемелерін; кірістер мен шығыстардың есебін менгеру, жәнеде қаржылық нәтижелерді анықтау.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Есептілік, көрсеткіштердің жуйесі болғандықтан,ол ұйымдардың шаруашылық қызметінің нәтижесі, олардың қаржылық және мүліктік нәтижелері. Қаржылық есептіліктің сапалы сипаттамасы. Мойындау және өлшеу критерилары. Бухгалтерлік баланстың, құрылымы және мазмұны. Бухгалтерлік тендеудің негізі. Шаруашылық операцияларының бухгалтерлік балансқа әсері. Кіріс және зиян есебі, оның мазмұны және құрылымы. Ақшалай қаржылар қозғалысының есебі: тікелей және жанама құрылу әдістері. Капиталдың өзгеруі бойынша есебі, оның мазмұны және құрылымы. Есеп саясатының құрылуы, оның мәні және мазмұны. Түсініктеме хаттың мазмұны. Консолидировтік баланстың құрастырылуы және кіріс пен зиянның есебі.

**Күтілетін нәтижелер:** Қаржылық есептіліктін құрастыруы бойынша негізгі принциптері мен әдістерін біледі.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Қаржыға кіріспе

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық талдау.

**Оқытушы**: Шалбай С.

**14.1 Пән атауы: Кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметін талдау (2 кредит,90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Нарықтық экономика талабындағы шаруашылық субъектілердің іс-әрекетін экономикалық талдау жасауды үйрету. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметін экономикалық талдауды қолдану және әдісі. Қаржылық талдаудың ақпарттық базасы. Кәсіпорынның активтерін, акционерлік капиталдарды және міндеттемелерді, балансты жоюды талдау жасауды үйрету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Нарықтық экономика талабындағы шаруашылық субъектілердің іс-әрекетін экономикалық талдау. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметін экономикалық талдауды қолдану және әдісі. Қаржылық талдаудың ақпарттық базасы және тапсырмалары, талдануы. Кәсіпорынның активтерін талдау. Акционерлік капиталдарды және міндеттемелерді талдау. Балансты жоюды талдау. Кәсіпорынның іс-әрекетінің әсерлілігін және іскерлік активтілігін талдау.

Қаржылық коэфициентті, қаржылық тұрақтылықты және төлем қабілеттілігін талдау. Нарықтық экономикадағы кірісті талдау.

**Күтілетін нәтижелері:** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі, пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Кәсіпорын экономикасы, Менеджмент.

**Постреквизит:** Өндірісті басқару мен ұйымдастыру, Басқару есебі, Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру.

**Оқытушы:**Стамкулова М.

**14.2 Пән атауы: Бизнес – жоспар (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бизнес экономикасын бағалаудың құндық стандарттаудың принциптері; нарықтық құнның негізделуі; ішкі (бастапқы) құны; бизнесті бағалаудағы қосылған құн; кірістерді жинақтаудың әдістері. Бизнесті бағалаумен байланысты тәуекелді классификациялау, бизнесті бағалауға нарықтық келісім,акцияларды жою,капитал нарыәынның әдісі, келісім әдісі,активтерді жинау әдісі, жерді бағалау әдісі, құнды жою. Компанияға әсер етуші факторлардың ішкі және сыртқы ортасын баәалау. Қаржылық бағалаудың алты функциясын қалыптастырады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Бизнес – жоспар пәні бәсекеге қабілеттіліктің принциптерін бағалау. Компанияның табыс рентабельділік құны. Нарық және сиымдылыәы. Ақша ағымы Кәсіпорынның нарықтық құнын дисконттау. Тұтынушыны бағалау әдістерін көрсетеді

**Күтілетін нәтижелері:** Пән бойынша аләан білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен даәдылар студентке жүйелі білім баәытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Менеджмент, Маркетинг, Макроэкономика, Микроэкономика.

**Постреквизит:** Қаржы менеджменті

**Оқытушы**: Кембаева Р.

**14.3 Пән атауы: Қаржылық есеп беруді ұсыну және ашу (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық есеп берудің мақсаты өз пайдаланушыларына заңды тұлғаның қаржылық жадайы туралы сенімді, мәнді және пайдалы ақпараттарды беру болып табылады. Қаржылық есеп берудің пайдаланушыларының қатарына потенциалды инвесторлар, кредиторлар, жабдықтаушылар, сатып алушылар, еңбеккерлер, сондай- ақ мемлекеттік органдар, т.б. кіреді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қаржылық есеп беру басқарушы органдардың жұмысын және субъектің ресурстарын, міндеттемелерін және ақша қаражаттарының болашақтағы ағындарын бағалауға, несие беру бойынша шешімдерге және инвестициялық шешімдерді қабылдауға пайдалы ақпараттарды береді.

**Кктілетін нәтижелері:** Кәсіпорын қызметінің нәтижесін анық және объективті көрсету, барлық көрсеткіштерді бір- бірімен қатаң түрде үйлестіру, бухгалтерлік пен жедел - статистикалық есеп берудің сабақтастығын (үйлесімділігін) сақтау, әдістемелік және басқа да ережелерді сақтау болып табылады.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Менеджмент, Маркетинг, Макроэкономика, Микроэкономика.

**Постреквизит:** Қаржы менеджменті, Қаржылық талдау.

**Оқытушы**: Асилбеков Д.

**15.1 Пән атауы: Аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Аудиттің маңызы, мақсаты және түрлері. Аудиторлық қызмет және оны нормативті-құқықтық реттеу. Аудит жүргізгенде екі жақтың жауапкершілігі, міндеттері және құқықтары. Аудиттің құрылымы, тұжырымдамасы мен қағидалары. Аудиттің постулаттары, нормалары. Аудиторлық тәуекелділік. Аудиторлық дәлелдеу. Ішкі бақылаудың жүйесі.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Аудиттегі сұрыптау. Аудиторлық тексеруді жоспарлау және оның көлемі. Мәліметтерді электрондық өңдеу аудиті. Аудиторлық есеп: құрастыру және оны беру тәртібі. Ұйым қызметкерлерінің тізімін кіргізуге арналған анықтама. Шоттар жайлы түсінік. Жауапты тұлғалар есебі жүргізілуі. Кассадағы ақша қаражаттарының есебінің жүргізілуі. Есеп айырысатын шоттағы ақша қаражаттарының есебі жүргізілуі қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелері** Пән бойынша Қаржылық есептілікті аудиторлық тексеру, және оның әдістерін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизит:** Ықтималдық теориясы ме математикалық статистика, Экономистер үшін математика, Қаржы, Ақша, несие және банктер, Қаржы менеджменті.

**Постреквизит:** Кәсіпорынның қаржылық экономикалық талдауы, Корпоративті қаржы, Эконометрика

**Оқытушы:** Мамытбекова М.

**15.2 Пән атауы: Тәжірибелік аудит (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Аудиторлық қорытынды жасауды үйрету, есептің жеке объектілерінде аудитті жүргізуді үйрету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Шарт бойынша және келісім арқылы тәуелсіз эксперттік негізде және бухгалтерлік есепті талдау, т.б. кәсіпорындардың жұмыстарының дұрыстығын, анықтығын анықтай отырып, оған толық түрде объетивті баға беру, сонымен қатар ішкі аудиттің тексеру жүйелерінің қабылдаған есеп саясатына, нормативтік актілерге сәйкестігіне кіл бөлу.

**Күктілетін нәтижелері:** Қаржылық есеп беру ұйымның қаржылық жағдайын, оның қызметінің нәтижелерін және ол жердегі өзгерістер туралы ақпатартты көрсетеді.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Бухгалтерлік есеп.

**Постреквизит:** Салық есебі, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

**Оқытушы**: Садыкбекова А.

**15.3 Пән атауы: Банктік аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Пәннің мақсаты банктік жарғылық қызметінің талдауы мен тарихы, басқару мақсатында құрылған пруденциалды нормативтер арқылы сақталуы, кірістер мен шығыстар туралы, қорлар, несиелер, ақшалай қаражаттар, банк мүлігінің қозғалысы мен жағдайы туралы қол жетерлік шынайы ақпараттық ағымды барлық банктерде өткізілетін бақылау мен қадағалаудың экономикалық дамуының жаңа сатысында көрсетеді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Банктік аудиттің негізгі бағыты болып банктердің қаржылық жағдайын талдау мен жетіспеушіліктерді түзету мен шаралар қабылдаумен байланысты бекітілген заң актілерін орындалуын тексеру. Банктік аудит курсын оқу жоғары квалификациялы банк мамандарын мойындау процесінің негізгі элементі болып табылады. Аудиторлық қызметін тәжірибелік деңгейі мен банктік жүйедегі бақылау жұмысын ұйымдастыру сұрақтары бойынша студенттердің білім алуы осы курстың мәселесі болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері:** Банк қызметін бақылау мен экономикалық талдаудың ең бір негізгі бағытын, бухгалтерлік есеп ережелерін, заң ережелерін және салық салу ережелерін білу.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Бухгалтерлік есеп.

**Постреквизит:** Салық есебі.

**Оқытушы**: Бурлибаева Т.

**16.1 Пән атауы: Бизнесті ұйымдастыру (2 кредит, 90 сағат)**

**Пәннің мақсаты: -** студенттерді бизнесті және өз ісіне ұйымдастыру саласында теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру және оларда кәсіпкерлік қызметтік басты бағыттары бойынша білім кешендерін қалыптастыру және бизнес жоспар жасауда тәжірибелік дағдыларды иеленуге көмектесу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бизнес түсінігі, даму тарихы. Ірі бизнесті ұйымдастыру. Бизнес түрлерін жіктеу. Бизнесті жүргізу формалары . Бизнес субъектілерін тіркеу. Банкроттық және кәсіпорынды жою. Бизнес инфрақұрылымын қалыптастыру. Бизнес инфрақұрылымының элементтері. Бизнестің салық жүйесі. Бизнесті басқару. Бизнесте персоналды басқару және іскерлік этика. Бизнесті жоспарлаудың негізі. Қаржылық кәсіпорынды жоспарлау. Қаржылық қамтамасыз ету және бизнес тиімділігінің анализі

**Күтілетін нәтижелері:** менеджмент категориялары, негізгі түсінігін түсіндіру

- ұйымның бәсекелестік стратегиясы және корпоративтік жүзеге асыруларды талдауды (маркетингтік, каржылық, кадрлық);
- ұйым стратегиясының кешендік іс шаралар операцияларының сипаттамасын жүзеге

асыру және өңдеуде;

- ұйымның (кәсіпорынның) дамуына бағытталған жобаларды жүзеге асыру және талдау;

ұйымды басқаруда және кәсіпорынның экономикалық іс әрекеттерін шешу.

**Пререквизит:** Кәсіпорын экономикасы, Менеджмент.

**Постреквизит:** Өндірісті басқару мен ұйымдастыру, Басқару есебі, Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру.

**Оқытушы**:Ли Светлана

**16.2 Пән атауы: Ұйымдастырушылық тәртіп (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Ұйымдастырушылық тәртіп саласында студенттердің кәсіби дағдылары мен білімдерін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Ресурстартарға кеткен шыәындар есебінің экономика сұрақтары, өндірістік техника және технологияны кеңінен қолдану, бизнес-жоспар құрастыру, маркетингті қолдану, ұйымдағы тәртіптің басқару мен тәжірибесін тиімді қолдану, ұжымды ұйымдастырушылық басқарудың теориясы және тәжірибесімен, ұйымдастырушылық теория сұрақтарымен танысу. Тиімді команданың дамуы мен қалыптастыру процесі, ұйымдаәы жетекшілікті дамыту және тиімді басқару. Ол басқарушылық қызметтің көптеген әлеуметтік-психологиялық жақтарын ашып және ұйымдастырушылық тәртіп негізін игеруге көмек көрсетеді.

**Күтілетін нәтижелері:** әртүрлі деңгейдегі ұйымдарда ұйымдастырудың теориясы мен қазіргі кездегі тұжырымдасын, қызметкерлердің қызметінің ұйымдастырылуының әртүрлі нысандарының артықшылықтары мен кемшіліктерін, командалық жұмысты ұйымдастыру тетігі мен ұйымдастырушылық құрылымын үйрену.

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:** Менеджмент, Кәсіпорын экономикасы.

**Оқытушы**: Рысбаев С.

**16.3 Пән атауы: Бизнесті бағалау (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерде бизнесті бағалау негізі және әдістері туралы, бизнестің қалыптасуының заңнамалық негізін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Бизнестің (кәсіпорынның) құнының реттеуде ҚР нормативтік- құқықтық актілері, дисконт ставкасы, Фишер формуласы, бизнестегі тәуекелділік,кәсіпорынның құнын арттырудағы инвестициялық проектті бағалау. Тұрақты табысты капиталдау (Инвуда, Хоскальда, Ринга) моделдері.

**Күтілетін нәтижелері:** Кәсіпорынды бизнесті бағалау принциптері мен мақсаттарын, нормативтік- құқықтық базасын, бизнесті бағалау, реттеу туралы біледі.

**Пререквизит:** Экономическалық теория

**Постреквизит:** Кәсіпорын экономикасы, Қаржылық талдау

**Оқытушы**: Ажибекова А.

**17.1 Пән атауы: Салық және салық салу (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Салықтар мен салық салу жүйесінің қызмет етуінің теориялық аспектілерін оқып үйрену, яғни салықтардың экономикалық мазмұнын қарастырумен бірге салықтардың функциялары мен принциптерін, Қазақстан Республикасында салықтар мен салық жүйесінің құрылуы мен тарихи дамуының кезеңдерін, еліміздегі салық реформаларының негізгі концепциялық бағыт – бағдарын оқыту.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Салықтар мемлекеттің пайда болғаннан бастап қоғамдағы экономикалық қатынастардың қажетті буындарының бірі және кез келген мемлекеттің өмір сүруінің қаржылық негізі болып табылады. Салықтар туралы ғылым қаржы ғылымының мамандандырылған бөлімі ретінде XVIII – XIX ғғ бөлініп шықты.

**Күтілетін нәтижелері** Студент салық салудың практикасын терең қарастыру мен қатар, нақты салық түрлерінің практикалық есептелуін жетік үйрену, салық заңдарын жан – жақты оқып үйренумен бірге салықтық тетіктерді ң әсер етуін оқып білу.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Менеджмент, Макроэкономика, Микроэкономика

**Постреквизит:** Бухгалтерлік есеп және аудит, Шет мемлекет салығы, Қаржы менеджменті, Корпоративтік қаржы, Банк ісі.

**Оқытушы:** Куланова Д.

**17.2 Пән атауы: Шаруашылық жүргізуші субъектілерге салық салу ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Салық салу теориясы мен тәжірибесін оқып үйрену, студенттердің бойында шаруашылық субъектілері мен халықтың салықтарын есептеу негіздері бойынша теориялық және тәжірибелік білімдер кешенін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі таралулары):** Салықтардыңжәне салық салу жүйелерінің жұмыс істеу теорялық негіздерін оқып үйрену атап айтқанда салықтардың экономикалық мазмұны, функциялары мен принциптерін, ҚР-дағы салықтар мен салықтар жүйесінің қалыптасу даму тарихи кезеңдерін, елдегі салық реформаларының негізгі тұжырымдамаларын ашып көрсету. Қазақстан Республикасындағы резидент еместерге салық салу. Салықтық бақылаудың қажеттілігі және экономикалық мазмұны. Салықтық тексеру нәтижелеріне және салық органдарының лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану

**Күтілетін нәтижелер:**

- салықтардың жұмыс істеуі мен дамуын;
- Қазақстан Республикасы салық жүйелерінің қалыптасуы мен дамуын;
- салықтар мен алымдардың жекелеген топтарының жұмыс істеуі, оларды есептеу мен төлеудің тетігін;
- салықтар төлеуден жалтарғаны үшін жауапкершілікті, салық заңдарын бұзғаны үшін санкциялар қолдануды білуі тиіс.

**Пререквизиттері:** Қаржыға кіріспе, Экономикалық теория, Макроэкономика, Микроэко-номика.

**Постреквизиттері:** Салық есебі, Аудит.

**Оқытушы**: Куашбай С.

**17.3 Пән атауы: Халықаралық салық салу ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Салық салудың шетелдік тәжірибесін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны (негізгі таралулары):** Салықтардың түрлері, әртүрлі билік деңгейлердегі органдар арасында салық салу саласындаэы құқықтардың шегін ажырату қарастырылады, салықтарды есептеу және алу тетігі, толықтығын бақылау және әлемдегі өзге де «салықтық паналар» зоналары көрсетілген. Дамыған шетелдердің салықтары.

Қазақстан Республикасындағы салық жүйесін жетілдіру үшін шетелдік тәжірибені пайдалану мүмкіндіктері.

**Күтілетін нәтижелер:** Қаржыға кіріспе, Экономикалық теория, Макроэкономика, Микроэко-номика.

**Пререквизиттері:** Салық салудың халықаралық тәжірибесін білу және оны отандық тәжірибен салыстыра білу.

**Постреквизиттері:** Салық есебі

**Оқытушы**: Умбиталиев А.

**18.1 Пән атауы: Салық есебі (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** «Салық есебі пәні беру мақсаты Қазақстан Республикасы Салық Кодексіне сәйкес заңды және жеке тұлғалардан есептеп алынатын салықтар мен алымдардың, басқа да міндетті төлемдердің шаруашылық субъектілерінің салық салынатын табысты анықтау мақсатында қаржы нәтижелеріне әсерін, олардың бухгалтерлік есеппен байланыстылығын жоне салық есебі және аудитнің бухгалтерлік есептің № И-шы «Табыс салығы бойынша есеп» стандартына сәйкес жүргізілуін

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Бюджеттік түсімдердің уақтылы және толықтай түсуін бақылаумен қамтамасыз етуді практикалық оқып-үйренуге бастайтын, сондай-ақ салықтық заңдылықтарды қамтамасыз

«Салық есебі» арнайы курсы жан-жақты сипатқа ие және болашақтағы мемлекеттік салық қызметі мамандарының кәсіби,практикалық білімдерін етуде кешенді шаралар қолдануды үйрететін салық бақылауы пәні «Шаруашылық субъектілері мен халықтарға салынатын салықтар» арнайы пәнінің логикалық жалғасы болып табылады, күшейтуге бағытталған.

**Күтілетін нәтижелері** Салық есебі пәні жалпы қаржы нәтижелерін салық салынатын табысты анықтау мақсатында қолданылатын қаржылық- статистикалық құжаттарды толтырумен бірге, салық декларацияның әрбір салық бойынша жолдарын толтыруды, қосымшалар мен жеке есеп шоттарды үйлесімді қолдана отырып есептеуін үйретуге бағытталған.

**Пререквизит:** «Қаржы», «Экономикалық теория», «Салық және салық салу»,
**Постреквизит:** «Мемлекеттік бюджет», «Қаржылық бақылау».

**Оқытушы:** Абдикеримова Г.

**18.2 Пән атауы: Банктік есеп және есептілік (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Банктік есеп пен есептілік ерекшеліктерін оқып үйрену

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Банктік есептің негізі және ерекшеліктері. Кассалық мәмілелердің есебі. Банктік шот туралы түсінік және есепайырысу мәмілелерін ұйымдастыру. Салым мәмілелерін есепке алу. Ақша ағындарын дисконттау. Займдерді есепке алу. Ішкі банктік мәмілелерді есепке алу. Банктің ерекше мәмілелерін есепке алу: лизингтік мәмілелер, тласттік мәмілелер, факторингтік мәмілелер, форфейтингтік мәмілелер. Коммерциялық банктердің сейфтік қызметтері. Банктік қаржылық есептілік ерекшеліктері. Шоғырландырылған қаржылық есептілік.

**Кктілетін нәтижелері:** Банктік мәмілелерді есепке алу даәдыларын алу.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Макроэкономика, Банк ісі

**Постреквизиттері:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Сабдалина А.

**18.3 Пән атауы: Қаржылық және бюджеттік ұйымдардағы салық есебі. (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық және бюджеттік ұйымдардағы салық есебінің ерекшеліктерін оқып үйрену

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қаржылық және бюджеттік ұйымдардағы салық есебінің ерекшеліктері, есеп жүйесіндегі оның орны. Заңды тұлғаның жиынтық жылдық кірісін қалыптастыру есебі. Заңды тұлғаның жиынтық жылдық кірісінен шегерімдер есебі. Бекітілген активтер бойынша шегерімдердің салық есебі. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдердің салық есебі. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдердің салық есебі. Пайдалы жерасты қазбаларын алуға дайындық жұмыстарына және геологиялық зерттеулерге жұмсалатын шығыстардың салық есебі. Әлеуметтік төлемдерге (өтемдерге) жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдердің салық есебі. Салықтар, айыппұлдар және өтемақы шығыстарының шегерімі. ҚР салық кодексі. Шығындардың салық есебі. Таза кіріс есебінен жүзеге асырылатын шығыстардың салық есебі. Салық есебі және халықаралық салық салу ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелер**: Қаржылық және бюджеттік ұйымдардағы салық есебінің мәселелері бойынша білікті болу.

**Пререквизиттері:** Салық және салық салу, Қаржыға кіріспе, Бухгалтерлік есеп қағидалары.

**Постреквизиттері:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Шалабай С.

**19. 1 Пән атауы: Сақтандыру (3 кредит,135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** студенттерге Қазақстан Республикасы индистуралды мемлекет ретінде сақтандыру бойынша әр түрлі тәуекелдердің түрлері туралы білім беру және осы салада олардың қабілеттіліктерін арттыру.

**Қысқаша мазмұны:** Сақтандырудың негізгі түрлері мен принциптері. Міндетті және ерікті сақтандырудың негізгі ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелері:** Сақтандыру пәні болашақта жеке және заңды тұлғалардың өмірін міндетті және ерікті сақтандыруды үйретеді

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Менеджмент, Макроэкономика, Кәсіпорын экономикасы

**Постреквизит:** Өндірісті басқару мен ұйымдастыру, Басқару есебі, Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру.

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**19.2 Пән атауы: Белгісіздік және тәуекел шартта басқару (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Тәуекел – бұл табиғат құбылыстары мен қоғамдағы адамдар қызметтерінің спецификасынан болатын шығындар қауіпі. Белгісіздік – шешімдердің іске асырылу жағдайлары туралы ақпараттардың толық және дәйекті еместігі, онда кездейсоқтық пен қарсылық фаторларының болуы. Сөйтіп, белгісіздікті тудыратын жағдайларға ұйымның сыртқы және ішкі орталарының әсер ететін факторлары жатады. Басқару шешімдерін қабылдау кезінде белгісіздік пен тәуекел элементтері елеулі рөл ойнайды. Тәуекел кезінде шешім қабылдау дегеніміз көптеген баламалардың ішінен тиімділерін таңдау. Әр бір шешім қабылданғаннан кейін де іс-қимылдардың неше түрлі нәтижелеріне алып икелуі мүмкін.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Өтімділік тәуекелділігі. Мамандар тәуекелділігі. Банк тәуекелділігін басқару. Банктің барлық операциялары үшін. Несие тәуекелін басқару. Өтімділік тәуекелдерін басқару. мемлекеттің дағдарысты реттеудегі рөлі, экономиканы мемлекеттік басқаруда дағдарыстың пайда болуын ашу. Үйрену – объективті құбылыстың мәнін талдау, экономикалық дағдарысты сипаттау, түрлі пайда болу себептерін және құрылымдарына түрлі көзқарас беру нақты кәсіпорында пайдаланылатын дағдарысқа қарсы басқару тұжырымдамасын қарастыру.

**Күтілетін нәтижелері:** дағдарысқа қарсы басқаруда адамдық фактордың рөлін айқындау: персоналмен жұмыс жасауда, менеджерлер талаптарында. Адам, ұйым, өндіріс, экономика, мемлекетпен байланысты барлық кешенді мәселелерде дағдарысқа қарсы басқаруды үйрену. Құзыреттері (компетенции): Барлық даму мәселелерді сәтті шешіп уақытылы айқындайтын, алдын-ала болжайтын мамандарды дайындаумен анықталатын кәсіпқойлық

**Пререквизит:** Қаржы менеджменті, Ақша, несие, банк,

**Постреквизит:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Кембаева Р.

**19.3 Пән атауы: Тәуекелді басқару (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Банк тәуекелділігі пәні. Банк тәуекелділігінің жіктелуі. Мемлекет тәуекелділігі. Валюталық тәуекелділік. Банктік кредиттік тәуекелділік. Кредиттік тәуекелділік жетілдіру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Тәуекелді басқарудың механизмі. Тауекелді басқарудың негізгі принциптері. Тауекелдің сандық бағасына жалпы әдістемелік әдістер. Ұйым және тауекел бағасының талдау әдістерін пайдалану.

**Күтілетін нәтижелері:** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Қаржы менеджменті, Ақша, несие, банк,

**Постреквизит:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Асилбеков Д.

**20. 1 Пән атауы: Банктегі бухгалтерлік есеп және аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** – болашақ мамандарға банктегі бухгалтерлік есеп саласында кәсіптік білімдерді қалыптастырып, практикалық аспектіде олардың қазіргі нарық экономикасындағы мәнін, қызметтерін және ролін ашу болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)–** банктегі бухгалтерлік есеп ұйымдастыру қағидаттарын заңдылықтарын оқу, қазіргі банк жүйесі мен оның элементтерін ұйымдастыру,

макроэкономикалық реттеудегі банктің ролін, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайындағы банктегі бухгалтерлік есептің ролін оқыту.

**Күтілетін нәтижелері** Пән бойынша банктегі бухгалтерлік есепті тексеру және оның мнегізігі принциптерін сақтау.

**Пән пререквизиттері:** Экономикалық теория ,Басқару есебі , Қаржылық есеп

**Пән постреквизиттері:** Қаржылық есеп 2 , Бухгалтерлік іс- қағаздарды жүргізу

**Оқытушы:** Мамытбекова М.

**20.2 Пән атауы: Шағын бизнес ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге шағын кәсіпорындардағы бухгалтерлік шоттар мен бухгалтерлік балансты меңгертіп, банктің мүлкі мен олардың қайнар көȝздерінің есебін жүргізуді оқытып, қорытынды есеп жасауды, яғни қаржылық есеп беруді жасауды үйрету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Шағын кәсіпорындардағы бухгалтерлік есеп жүйесінің негізгі қағидаларын, әдістері мен есептің негізгі анықтамаларын қарастырады. Бухгалтерлік шоттар, бухгалтерлік баланс және оның құрамының сұрақтарын және есеп стандарттарын, құжат айналымының ұйымдастырылуын қарастырып, шағын кәсіпорындардағы қаржылық қорытынды есептілікті жасауды оқытады. Негізгі нормативтік құжаттар. Шағын кәсіпорын категориясын ұйымдастыруға жататын критерилер. Шағын кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Шағын кәсіпорындағы есеп және есеп берушілік бойынша салық салудың жеңілдетілген жүйесі.

**Күтілетін нәтижелері:** Шағын кәсіпорындарда есепті жүргізудің негізгі қағидалары мен жүргізу әдістерін, тәртібін үйренді. Шағын кәсіпорындарда бухгалтерлік алғашқы құжаттарын рәсімдеу, есептік регистрларды толтыру, сонымен қатар қаржылық есептілікті құру бойынша базалық білімін көрсетеді.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп, Аудит, Банк ісі.

**Постреквизит:** Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.

**Оқытушы**: Садыкбекова А.

**20.3 Пән атауы: Қаржылық бақылау және аудит (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық-бюджеттік ұйымдарда бақылау және аудиттің теориялық және тәжірибелік аспектілері бойынша студенттердің жалпы білім жүйесін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қаржылық бақылаудың мәні, пәні және формалары. Мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыру. Қаржылық бақылаудың нормативті-құқықтық және ақпараттық негізі. Қаржылық-шаруашылық бақылауды ғылыми- әдістемелік қамтамасыз ету. Жарғылық және есепті-қаржылық құжаттарды тексеру. Кассалық- банктік операцияларды бақылау және ревизиясы. Ақша қаражаттары қозғалысының операциялық аудиті. Тауар-материалдық қорларын бақылау және аудиті. Дебиторлық берешектерді бақылау және аудиті. Меншікті капитал мен міндеттердің

**Күтілетін нәтижелері:** Бақылау және аудитті жүргізу бойынша акт құру, бақылау мен аудитті жүргізу әдістерін пайдалану мен ажырату.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп, Аудит, Банк ісі.

**Постреквизит:** Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары.

**Оқытушы**: Бурлибаев Т.

**21. 1 Пән атауы: Қаржылық талдау (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық талдау нақты бухгалтерлік есептер мен қаржылық есептің халықаралық стандарттармен және шаруашылық субъектілердің саяси есептерімен сәйкес құрылымымен базаландырылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Ақпаратты базаны талдау, қаржылық талдау, бағалау, шаруашылық субъектілері қаржы шаруашылық іс-әрекеті, кәсіпорын балансы және активтіликвиді, төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылық, ресурстарды талдау коэффициенті, оның рентабельдігі, іскерлік белсенділігі, тәуекел қаржылығы, банкроттық белгілері және т.б. оқу.

**Күтілетін нәтижелер:** Студенттер алған білімдерін кәсіпорынның қаржысын талдау және есептеу негіздерін үйренеді.

**Пререквизиттер:** Микроэкономика, Макроэкономика, Қаржы

**Постреквизиттер**: Экономикалық саясат, Өндірістік сфераның экономикасы

**Оқытушы:** Ли Светлана

**21.2 Пән атауы: Экономикалық талдау (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Шаруашылық жкргізуші субьектілердің экономикалық потенциялын пайдалануды қалыптастыруда жоспарлаудың теориялық негізін меңгерту, бизнестің тиімділігін көтеру, техникалық ұйымдастыру деңгейін, ішкі ортаның әсерін, бәсекелестік деңгейін және нарықтң конъюнктурасын терең меңгерту болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Өндірістік, бюджеттік, инвестициялық қаржы-несиелік және басқа да мекемелердегі даму бағыттары мен қызметтің тиімділігін талдау әдістері ерекшеліктері мен қағидаларының мазмұнын ашуды үйрету.

**Күтілетін нәтижелері:** Қаржылық есептің теорияалық білімдерін және меңгерген білімдерін қолдану әдістерін үйрету. Консолидирленген қаржылық есепті жасай білу.Ұйымдардағы бухгалтерлік есепті құрастыруда тәжірибелік дағдыны қолдана білу**.** Бухгалтерлік есептің алғашқы құжаттарын құрастыру, есеп регистрлерін, қаржылық есеп беруді дайындауды көрсету.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп, Кәсіпорын экономикасы

**Постреквизит:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Рысбаева С.

**21.3 Пән атауы: Қаржылық және басқарушылық талдау (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Білім алушылардың білімін жетілдіру: кәсіпорын қызметінің басқарылуы және қаржылық анализі, обьектінің ағымдағы жағдайын бағалау және оның дамуынан күтіліп отырған мақсаттың орындалуын басқару шешімдері арқылы жүзеге асыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Экономикалық анализдің негіздері. Қаржылық және басқару анализінің әдістері және тәсілдері. Факторлық анализ әдісі. Детерминдік анализдегі факторлардың әсері және өлшеу тәсілдері. Анализдің экономико – маттематикалық әдістері. Резервтерді есептеу және анықтау тәсілі. Қаржылық анализдің ақпаратпен қамтамасыз етілуі және мәні, түсінігі. Кәсіпорынның қызметінің маркетингтік анализі. Сату және өндіріс көлемін басқару анализі. Еңбек ресурстарын қолдану анализі. Негізі қаражатты қолдану анализі. Материалдық ресурстарды қолдану анализі. Өнімнің өз бағасының анализі. Капиталдың қалыптасу анализі. Қаржылық көрсеткіштердің анализі.

**Күтілетін нәтижелері:** Қаржылық және басқару анализінің мәнін және мазмұның, оның кәсіпорынды басқару жүйесіндегі алатын орнын; қаржылық және басқару сараптамасының негізгі әдістері мен тәсілдерін; қаржылық және басқару сараптамасының типологиясын және классификациясын; қаржылық және басқару сараптамасының ақпараттық қамтамыз етілуін; қаржылық және басқару сараптамасының әдістмелігін, оның мақсаттық бағытталуын, анализдің бірізділігін, әдістердің жкйесімен қоса алғанда білу керек.

**Пререквизит:** Қаржыға кіріспе, Қаржы нарықтары және делдалдар.

**Постреквизит:** Іс-тәжірибе, дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Ажибекова А.

**Цикл атауы: Кәсіптік пәндер циклы - 27 кредит (1215 сағат)**

**22.1 Пән атауы: Қаржылық есеп 2 (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Халықаралық қаржылық есеп стандартына сәйкес, кәсіпорындарда қаржылық есептілік құрастыруға қажетті қажетті ақпараттарды жинау, тіркеу, өңдеу дағдысын меңгеру. Қаржылық есептіліктің стандарттарын меңгеріп, оларды есеп тәжірибесінде қолдану дағдысын жақсартуға, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдап, әрі талдау жасаумен байланысты кәсіби ойлаубиімділігін жетілдіруге ықпал ету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын меңгеруді қарастыратын іргелі тақырыптарды қарастыру, оның ішінде жыл есебі, табыс салығының

есебі, қаржылық құралдар есебі, қаржылық есептілік шоғырлардыру және еншілес кәсіпорындарға салынған инвестициялар есебі, валюталық бағамдар өзгерісінің әсері.

**Күтілетін нәтижелері** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есептің принциптері, Қаржылық есеп 1

**Постреквизит:** ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп, 1С Бухгалтерия, Банктегі бухгалтерлік есеп және есептілік

**Оқытушы:** Куланова Д.

**22.2 Пән атауы: Бюджеттік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты**: Студенттердің мемлекеттік мекемелердегі қаржыландыру жоспарларының атқарылуы бойынша бюджет есебін, оның әдістемесі мен мемлекеттік бюджетте ұсталатын мекемелер жұмысына қойылатын талаптарға сәйкес ұйымдастыруын игерудегі теориялық және тәжірибелік даярлығын қамтамасыз ету.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** нарық жағдайындағы мемлекеттің қаржылық және бюджеттік саясатын оқып үйренумен байланысты экономикалық қатынастар курс пәні болып саналады. Республикадағы қаржылық қатынастарды басқаруды жүзеге асыратын қаржылық, бюджет, салық және өзге де органдардың құрылымдарын анықтау. Курс материалын ойдағыдай игеру үшін: «Қаржы», «Бухгалтерлік есеп теориясы», «Қаржылық есеп», «Басқару есебі», «Мемлекеттік бюджет», «Қаржылық жоспарлау және бақылау» және т.б. пәндерді білу қажет.

**Курсты игеру үшін қажет дағдылар мен білімдер жиыны:** қаржының мәні, функциялары, өзгешелікті белгілері, қаржылық ресурстардың, мемлекеттік қаржылардың пайда болуы, бөлінуі және пайдаланылуы, қаржы, жүйесі, қаржылық басқару және бақылау жүйесі, салық – бюджет саясаты, кәсіпорындардағы салық салу, ақша-несие саясаты, инфляция, меншік формалары, кәсіпорындардың активтері мен пассивтері, кәсіпорындарды сақтандыру, бағалы қағаздар, кәсіпорынның шығындары, мемлекеттің инвестициялық саясаты, экономика салалары және т.б.

**Күтілетін нәтижелер:**

- компанияның қаржылық есептілігін жасау, жүргізу, талдау және болжам жасау саласындағы дағдылардың қажетті көлемін білу;
- компанияның қаржылық есептілік мәліметтерімен жұмыс техникасы бойынша белгілі бір тәжірибелік дағдылар алу;
- ХҚЕС-ке сәйкес Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілікті жүргізу мен жасаудың нормативтік – құқықтық базасын білу.

**Пререквизиттері:** Қаржы, Бухгалтерлік есеп қағидалары, Қаржылық есеп1,2, Басқару есебі.

**Постреквизиттері**: жоқ

**Оқытушы:** Куашбай С.

**22.3 Пән атауы: Қазақстанда бухгалтерлік есептің дамуы (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** Қазақстанда бухгалтерлік есептің тарихи дамуы жайлы білімді қалыптастыру

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

Кеңестік есеп жүйесінің сипаттамасы және оны ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында реформалаудың қажеттілігі. Жаңа нарықтық есеп және қаржылық есептілік жүйесін қалыптастыру кезеңдері. 1996-2007 жылдар аралығында қолданыста болған Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарының сипаттамасы. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшудің қажеттілігі. Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарының сипаттамасы. ҚР бухгалтерлік шоттар жоспарының дамуы. Үлгілік шоттар жоспарының сипаттамасы. Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит бойынша нормативтік құжаттар.

**Күтілетін нәтижелер:** Қазақстанда бухгалтерлік
есептің калыптасуы мен даму тарихын білу.

**Пререквизиттері:** Қазақстан тарихы, Бухгалтерлік есеп қағидалары

**Постреквизиттері:** Халықаралық есеп

**Оқытушы:** Умбиталиев А.

**23.1 Пән атауы: Басқару есебі 2 (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Кәсіпорындарда басқарушылық есептілік құрастыруға қажетті қажетті ақпараттарды жинау, тіркеу, өңдеу дағдысын меңгеру. Басқару есебінің стандарттарын меңгеріп, оларды есеп тәжірибесінде қолдану дағдысын жақсартуға, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдап, әрі талдау жасаумен байланысты кәсіби ойлаубиімділігін жетілдіруге ықпал ету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)**. Басқару есебінің халықаралық стандарттарын меңгеруді қарастыратын іргелі тақырыптарды қарастыру, оның ішінде жыл есебі, табыс салығының есебі, қаржылық құралдар есебі, қаржылық есептілік шоғырлардыру және еншілес кәсіпорындарға салынған инвестициялар есебі, валюталық бағамдар өзгерісінің әсері. Басқару есебінің халықаралық стандарттарын меңгеруді қарастыратын іргелі тақырыптарды қарастыру, оның ішінде жыл есебі, табыс салығының есебі, қаржылық құралдар есебі, қаржылық есептілік шоғырлардыру және еншілес кәсіпорындарға салынған инвестициялар есебі, валюталық бағамдар өзгерісінің әсері.

**Күтілетін нәтижелері** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есептің принциптері, Қаржылық есеп 1

**Постреквизит:** ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп, 1С Бухгалтерия, Банктегі бухгалтерлік есеп және есептілік

**Оқытушы:** Абдикеримова Г.

**23.2 Пән атауы: Бухгалтерлік есептің халықаралық аспектілері (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің негіздерін оқып үйрену.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

АҚШ елінің бухгалтерлік есебінің максаты, үйымдастыру формалары, түрлері. Американдық есеп принциптеріне жалпы сипаттама, оларды Қазақстан Республикасының есеп тәжірибесімен салыстыру.

Ұлыбритания елінде есепті басқару. Бухгалтерлік ұйымдар және оларға сипаттама. Есеп жөнінде заңдар. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік стандарттарына жалпы сипаттама. Есеп жөнінде заңдардың дамуы.

Ресей елінде бухгалтерлік есептің дамуы. Бухгалтерлік ұйымдар және оларға сипаттама. Есеп жөнінде заңдар. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік стандарттарына жалпы сипаттама.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқу барысында студенттер нарықтық экономикасы дамыған елдердің есеп жүйесімен, оның принциптерімен танысады.

**Пререквизиттері:** Қазақстан тарихы, Бухгалтерлік есеп қағидалары

**Постреквизиттері:** Халықаралық есеп

**Оқытушы:** Куланова Д.

**23.3 Пән атауы: Бухгалтерлік есептің халықаралық аспектілері (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің негіздерін оқып үйрену.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

АҚШ елінің бухгалтерлік есебінің максаты, үйымдастыру формалары, түрлері. Американдық есеп принциптеріне жалпы сипаттама, оларды Қазақстан Республикасының есеп тәжірибесімен салыстыру.

Ұлыбритания елінде есепті басқару. Бухгалтерлік ұйымдар және оларға сипаттама. Есеп жөнінде заңдар. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік стандарттарына жалпы сипаттама. Есеп жөнінде заңдардың дамуы.

Ресей елінде бухгалтерлік есептің дамуы. Бухгалтерлік ұйымдар және оларға сипаттама. Есеп жөнінде заңдар. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік стандарттарына жалпы сипаттама.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқу барысында студенттер нарықтық экономикасы дамыған елдердің есеп жүйесімен, оның принциптерімен танысады.

**Пререквизиттері:** Қазақстан тарихы, Бухгалтерлік есеп қағидалары

**Постреквизиттері:** Халықаралық есеп

**Оқытушы:** Мамытбекова М.

**24.1 Пән атауы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) және Халықаралық аудиттің стандарттарына (бұдан әрі – ХАС) көшу қажеттілігін мемлекеттің жалпы саясаты және Қазақстанда нарықтық экономиканы құруға бағдарланған реформалардың стратегиясы айқындайды.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары).** Әлемдік экономикалық жағдайдағы соңғы он жылдықта болған шапшаң өзгерістер бухгалтерлік есепке алуға және қаржылық есептілікке арналған ережелерді жасау кезінде елдердің қолданатын тәсілдерін айтарлықтай дәрежеде өзгертті. Капитал нарықтары ұлттық шекарадан тыс жерлерде кеңейіп, ұлттық экономикалардың дамуына байланысты кірігу процесі нығаюда. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі аса дамыған және алдыңғы қатарлы бухгалтерлік есепке алу стандарттары болып табылады деп есептеледі. Сондықтан да көптеген елдерде, мысалы Австралияда, Германияда, Ұлыбританияда шетел эмитенттері биржалардағы өздерінің есептілігін осы елдердің ұлттық стандарттарына емес, халықаралық стандарттарға сәйкес ұсына алады.

**Күтілетін нәтижелері** Қазіргі кезеңде Қазақстандағы бухгалтерлік есепке алу және аудит жүйесін дамытудың негізгі үрдісіне талдау жасалынады, алдағы жылдарда оны дамытудың жолдары мен нақты тетіктері танысып үйренеді..

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есептің принциптері, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2

**Оқытушы:**Асилбеков Д.

**24.2 Пән атауы: Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жүйесі (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі тұлғаларды дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Есептеу мен үздіксіздік бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың принциптерін, түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамаларын қарастырады.

**Күтілетін нәтижелері:**

-бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сайма-сай бекіту және бухгалтерлік жазбаларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсету;

- операциялар мен оқиғаларды хронологиялық тәртіппен және уақтылы тіркеу;

- әрбір айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша синтетикалық (қорытынды) есепті талдамалық (егжей-тегжейлі) есеппен сәйкес келтіру қамтамасыз етілуге тиіс.

**Пререквизит:** Қаржыға кіріспе, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Ли Светлана

**24.3 Пән атауы: Кәсіпорындағы қаржылық есептілік (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қаржылық есептілік концепцияларын меңгеру және құрудың принциптері; бухгалтерлік баланстың құрылымын және мазмұнын зерттеу, қаржылық есептіліктің

құрастырылуы және өткізілуі; қаржылық есептілік элементтер есебін оқыту: қысқа және ұзақ мерзімді, ұйымдардың капиталы мен міндеттемелерін; кірістер мен шығыстардың есебін менгеру, жөнеде қаржылық нәтижелерді анықтау.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Есептілік, көрсеткіштердің жуйесі болғандық-тан,ол ұйымдардың шаруашылық қызметінің нәтижесі, олардың қаржылық және мүліктік нәтижелері. Қаржылық есептіліктің сапалы сипаттамасы. Мойындау және өлшеу критерилары. Бухгалтерлік баланстың, құрылымы және мазмұны. Бухгалтерлік тендеудің негізі. Шаруашылық операцияларының бухгалтерлік балансқа әсері. Кіріс және зиян есебі, оның мазмұны және құрылымы. Ақшалай қаржылар қозғалысының есебі: тікелей және жанама құрылу әдістері. Капиталдың өзгеруі бойынша есебі, оның мазмұны және құрылымы. Есеп саясатының құрылуы, оның мәні және мазмұны. Түсініктеме хаттың мазмұны. Консолидировтік баланстың құрастырылуы, және кіріс пен зиянның есебі.

**Көтілетін нәтижелер:** Қаржылық есептіліктін қарастыруы бойынша негізгі принциптері мен әдістерін біледі.

**Пререквизит:** Қаржыға кіріспе, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Рысбаева С.

**25.1 Пән атауы: Тәжірибелік аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Тәжірибелік аудиттің маңызы, мақсаты және түрлері. Аудиторлық қызмет және оны нормативті-құқықтық реттеу. Аудит жүргізгенде екі жақтың жауапкершілігі, міндеттері және құқықтары. Тәжірибелік аудиттің құрылымы, тұжырымдамасы мен қағидалары. Аудиттің постулаттары, нормалары. Аудиторлық тәуекелділік. Тәжірибелік аудиттік дәлелдеу. Ішкі бақылаудың жүйесі.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Тәжірибелік аудит сұрыптау. Тәжірибелік аудиторлық тексеруді жоспарлау және оның көлемі. Мәліметтерді электрондық өңдеу аудиті. Аудиторлық есеп: құрастыру және оны беру тәртібі. Ұйым қызметкерлерінің тізімін кіргізуге арналған анықтама. Шоттар жайлы түсінік. Жауапты тұлғалар есебі жүргізілуі. Кассадағы ақша қаражаттарының есебінің жүргізілуі. Есеп айырысатын шоттағы ақша қаражаттарының есебі жүргізілуі қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелері** Пән бойынша Қаржылық есептілікті аудиторлық тексеру, және оның әдістерін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизит:** Ықтималдық теориясы ме математикалық статистика, Экономистер үшін математика, Қаржы, Ақша, несие және банктер, Қаржы менеджменті.

**Постреквизит:** Кәсіпорынның қаржылық экономикалық талдауы, Корпоративті қаржы, Эконометрика

**Оқытушы:** Ажибекова А.

**25.2 Пән атауы: Сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** Студенттерді сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастырудың негіздерімен таныстыру.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

Сыртқы экономикалық қызметті реформалау: мақсаттары мен міндеттері, негізгі кезеңдері. СЭҚ-ты басқару мазмұны, СЭҚ-ты басқарудағы нарықтық және нарықтық емес әдістерді қазіргі заман тұрғысынан түсіну. СЭҚ-ты либералдандыру, негізгі мемлекеттік құрылымдарды қайтақұру. СЭҚ-ты басқару құрылымы және реттеудің ұйымдық негіздері. Сыртқы сауданы реттеу, шетел инвестициялары салынған кәсіпорындар қызметін реттеу. Негізгі коммерциялық операциялар. Олардың мазмұны, жүзеге асыру және реттеу тетігі. СЭҚ-ты басқарудың институционалдық құрылымы.

**Күтілетін нәтижелер:** Сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру мен басқару мәселелерінде білікті болу.

**Пререквизиттері:** Макроэкономика, Экономикалық теория

**Постреквизиттері:** Кәсіпорын экономикасы, Халықаралық есеп.

**Оқытушы:** Куланова Д.

**25.3 Пән атауы: Шығындарды басқару (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** студенттерді әртүрлі жоспарлы экономикалық категориялар шығындарының теориялық және тәжірибелік аспектілерімен, өндіріс шығындарының құралу үдерісімен, өнімдердің әртүрлері бойынша шығындармен және осы негізде жоспарлау, басқару және бақылау бойынша шешімдер қабылдау кезінде қажет ақпараттармен таныстыру.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

Шығындарды басқару оның ерекшелігімен және оқып үйрену мақсатымен анықталады. Осымен байланысты оқыту үдерісінде оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері: лекуия – таныстырылымдар, пікірталастар, жағдайлық есептерді шешу жолымен диалог тәжірибелік сабақтар пайдаланылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Өндірістегі шығындар сыныптамасын білу; шығындарды болжау және жоспарлау; өнімнің өмірлік циклінің әртүрлі сатыларындағы шығындарды анықтау.

**Пререквизиттері:** Экономикалық теория, Кәсіпорын экономикасы, Микроэкономика.

**Постреквизиттері:** жоқ.

**Оқытушы:** Асилбеков Д.

**26. 1 Пән атауы: Қаржы нарықтары және делдалдары (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Қаржы нарығының мәні мен түсінігі. Қаржы нарығы жіктелімінің ерекшеліктері. Қазақстанның қаржы нарығы және оның құрамдас бөліктері. Ақша нарығының мағынасы мен мәні. Қаржы нарығы жүйесіндегі несие нарығының орны. Несие нарығының құралдары.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Валюта нарығы: түрлері жөне оның дамуындағы негізгі кезеңдер. Қаржылық делдалдықтың артықшылықтары. Қаржы делдалдарының түрлері. Коммерциялық банктер және несие үйымдары. Зейнетақы қорлары. Инвестициялық компаниялар және қорлар. Сақтандыру ұйымдары. Басқа да қаржылық делдалдар.

**Күтілетін нәтижелері** Қаржы нарығын реттеудің моделдері. ҚР қаржы нарығын және қаржылық ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік қызметінің негізгі бағыттарын меңгеру

**Пререквизит:**Салық және салық салу, Шаруашылық жүргізуші субьектілердің қаржысы

**Постреквизит:** Макроэкономика, Микроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит

**Оқытушы:** Ажибекова А.

**26.2 Пән атауы: «Биржа ісі» (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Биржа ісі» пәні қаржы нарығының қалыптасу процесін, оның құрылымын, қаржы нарығының даму тенденциясын, ондағы делдалдар қызметін терең талдап түсініктемелер береді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Ұйымдасқан нарық түсінігі. Биржа саудасының айырмашылық қырлары. Биржа саудасының дамуы. Қазіргі биржаның қызметі. Биржа түрлері. Биржа жіктелімінің белгілері. Биржа және биржалық инфрақұрылымды ұйымдастыру. Биржа қызметін реттеу. Биржа қызметін мемлекеттік реттеу. Биржа нарығын өзін-өзі реттеу. Биржа ішіндегі нормативті актілер. Биржалық тауар. Тауар биржасындағы биржалық тауарға сипаттама. Бағалы қағаздар — биржалық тауар. Валюта тауар ретінде. Бағалы қағаздар нарығы. Биржа саудасына іргелі талдау. Іргелі талдаудың негізгі бағыттары (блок) мен жабдықтары. Биржа мөшелері мен құрылтайшылары. Биржаны басқару органдары. Брокерлік қызмет. Дилерлік қызмет. Биржа саудасына қатысушылар. Биржа саудасын жүргізу механизмі. Биржалық тауар мәмілесі туралы түсінік. Клиринг және есептесу. Клиринг және есептесу жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. Биржалық баға белгілеу. Аукциондағы бағаны белгілеу. Бірыңғай баға белгілеу әдісі. Фьючерлік сауда және келісім-шарт. Туындаудың себептері мен тарихы. Сатып алу-сатудағы

фьючерлік келісім-шартта фьючерлік мәмілені пайдалану және жасалу тәртібі. Хеджирлеу. Жіктелімі және оның түрлері туралы түсінік. Биржалық алыпсатарлық. Хеджирлеудің техникасы мен стратегиясы.

**Күтілетін нәтижелері:** Ұйымдасқан нарық түсінігі. Биржа саудасының айырмашылық қырлары. Биржа саудасының дамуы. Қазіргі биржаның қызметі. Биржа түрлері. Биржа жіктелімінің белгілері. Биржа және биржалық инфрақұрылымды ұйымдастыру. Биржа қызметін реттеу. Биржа қызметін мемлекеттік реттеу. Биржа нарығын өзін-өзі реттеу. Биржа ішіндегі нормативті актілер. Биржалық тауар. Тауар биржасындағы биржалық тауарға сипаттама. Бағалы қағаздар — биржалық тауар. Валюта тауар ретінде. Бағалы қағаздар нарығы. Биржа саудасына іргелі талдау. Іргелі талдаудың негізгі бағыттары (блок) мен жабдықтары. Биржа мөшелері мен құрылтайшылары. Биржаны басқару органдары. Брокерлік қызмет. Дилерлік қызмет. Биржа саудасына қатысушылар. Биржа саудасын жүргізу механизмі. Биржалық тауар мәмілесі туралы түсінік. Клиринг және есептесу. Клиринг және есептесу жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. Биржалық баға белгілеу. Аукциондағы бағаны белгілеу. Бірыңғай баға белгілеу әдісі. Фьючерлік сауда және келісім-шарт. Туындаудың себептері мен тарихы. Сатып алу-сатудағы фьючерлік келісім-шартта фьючерлік мәмілені пайдалану және жасалу тәртібі. Хеджирлеу. Жіктелімі және оның түрлері туралы түсінік. Биржалық алыпсатарлық. Хеджирлеудің техникасы мен стратегиясы.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Бағалы қағаздар нарығы.

**Постреквизит:** Дипломдық жұмыс.

**Оқытушы**: Рысбаева С.

**26.3 Пән атауы: «Мемлекеттік нарықты басқару» (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Мемлекеттік нарықты басқару пәні нарықты басқару қалыптасу процесін, оның құрылымын, мемлекеттік нарықты басқару тенденциясын талдап түсініктемелер береді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының тұрғындарын әлеуметтік –экономикалық жағынан қорғау және еңбекпен қтымды қамтамасыз ету, болашақты болжау мен жоспарлау, олардың ұйымдық – методологиялық негіздері, инвестициялық – ққрылыстық салалары, экономикалық өсу, Қазақстан Республикасының өтпелі экономикадағы даму шаралары және тағы басқалары қарастырылған.

**Күтілетін нәтижелері:** ҚР мемлекеттік нарығын басқару және қаржылық ұйымдардың қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік қызметінің негізгі бағыттарын меңгеру.

**Пререквизит:** Экономикалық теория, Саясаттану, Экономикалық саясат

**Постреквизит**: Дипломдық жұмыс.

**Оқытушы:** Бурлибаев Т.

**1-траектория бойынша өтілетін пәндер 12 кредит (540 сағат)**

**27.1 Пән атауы: Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есеп пен аудиттің ролін оқып білуге мүмкіндік тудырады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есеп маңызы мен қағидалары. Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есеп пен аудитттің құрылымы. Қаражаттарын бағыттау үшін, қаражаттары салынған кәсіпорындардың қаржылық жағдайын зерттеу, қызметінің дамуын бақылап отыру әрбір инвестордың, несие берушінің, құрылтайшының және акционердің міндеті болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейді.

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:** Банктегі бухгалтерлік есеп және есептілік, Қаржы, салық және салық салу,

**Оқытушы**: Кембаева Р.

**27. 2 Пән атауы : Өндіріс саласындағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Студенттерді қорлар (запастар) есебін ұйымдастырумен, еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлермен есеп айырысумен, Қазақстан Республикасының өндірістік саласындағы әртүрлі кәсіпорындардағы дайын өнімдермен (жұмыстармен, қызметтер көрсетумен), өндірістік шығындармен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Құрылыс өндірісін ұйымдастыру формалары. Құрылыс өндірісін материалдық-техникалық қаматмасыз етуді ұйымдастыру. Құрылыс объектілеріндегі және бухгалтериядағы матералдық қорлар (запастар) есебінің ерекшеліктері. Титульды есем ғимараттар мен құрылғылар есебі. Құрылыс машиналары мен тетіктерін пайдалану бойынша шығындар есебі. Негізгі және қосалқы өндіріс шығындарының есебі. Жанама (қосымша) шығындарды бөлу есебі. №12 «Күрделі құрылысқа мердігерлік шарттары» БЕС-ке сәйкес дайын өнім үшін есеп айырысулардың құрылыс өндірісі шығындарының есебі. Мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыру (тапсыру) мен субмердігерлік ұйымдардың тапсырыс берушілерімен есеп айырысулар есебі. Құрылыстағы инвестициялар есебі.

Ауыл шаруашылығы субъектілерінің есеп және салық саясаты. Ауыл шаруашылық өндірісінің әртүрлі салаларында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың ерекшеліктері. Шаруа (фермерлік) шаруашылықтарындағы есепті ұйымдастыру. Ауыл шаруашылығындағы амортизацияланатын активтер (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер) есебінің ерекшеліктері. Өсіріліп жатқан және бордақыдағы малдардың есебі. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялау және өндіріс есебі.

**Күтілетін нәтижелері** Пәнді оқып үйрену үдерісінде студенттер:

- өндірістік кәсіпорындар шығыстарының ұғымы мен жіктеуін;
- өндірістегі шығындар есебі әдістерінің түрі мен мазмұнын және өнімдердің (жұмыстардың қызметтер көрсетудің) өзіндік құнын калькуляциялауды;
- өндірістегі шығындар есебін ұйымдастыруды және өндірістік кәсіпорындардағы өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) өзіндік құнын калькуляциялауды білуі тиіс.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп қағидалары, Басқару есебі.

**Постреквизит:**

**Оқытушы**: Мамытбекова М.

**27.3 Пән атауы: Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Мал басының, жемнің, тұқымның және өзге де қорлар есебінің ерекшеліктерін оқып үйрену, малшаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдері шығындарының есебін ұйымдастырудың рәсімдерін және осы өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялау ерекшеліктерін қарастыру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Ауылшаруашылығының ерекшелігімен анықталатын бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың негізгі принциптері. Негізгі және материалдық емес активтер есебінің ерекшеліктері. Өсіріліп жатқан және бордақыдағы малдардың, жердің, тұқымның, жемнің есебі. Ауылшаруашылық өндірісінің өнімдері және оны өткізу есебі, негізгі өндіріс шығындарының есебі. Амортизацияланатын активтер (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер) есебінің ерекшеліктері. Өсіріліп жатқан және бордақыдағы малдардың есебі. Ауылшаруашылығы өндірісі өнімдері және оны өткізу есебі. Негізгі өндіріс шығындарының есебі. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын калькуляциялау, малшаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын калькуляциялау.

**Күтілетін нәтижелері** Студенттер:

- ауылшаруашылығы кәсіпорындары шығындарының (шығыстарының) ұғымы мен жіктеуі;
- өндіріс шығындары есебінің және ауылшаруашылығы өнімдерінің (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) өзіндік құнын калькуляциялаудың түрлері мен әдістерінің мазмұны;

жерлер мен қорларды (запастарды) бағалаудың жалпы принциптері, құрамы, сипаттамасы, оларды пайдалану ерекшеліктері, құжаттамалық ресімдеуді ұйымдастыру, ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы синтетикалық және аналитикалық есеп мәселелерінде білікті болуы

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп қағидалары, Басқару есебі.
**Постреквизит:**
**Оқытушы**: Асилбеков Д.

**28.1 Пән атауы: «Салалардағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Салалар кәсіпорындарындағы тауар операциялары есебінің ерекшеліктерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Қазіргі уақытта ірі мамандандырылған сала ұйымдары – акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, сондай-ақ өз фирмалық дүкендері арқылы өнеркәсіп кәсіпорындары мен жеке сектор халық тұтынатын тауарлар саудасымен айналысады. Атап өткен ерекшеліктер, сауда-қаржылық қызметті ойдағыдай басқару мен басқару шешімдерін қабылдаудың қажетті жағдайлары ретінде, саудадағы бухгалтерлік есептің рөлі мен маңызын күшейте түседі. Есеп объектілері. Салалардағы бухгалтерлік есепті құрудың жалпы схемасы. Бөлшек сауда субъектілеріндегі тауарлар есебі. Тауарлар мен ыдыстардың аналитикалық есебін ұйымдастыру. Тауарлар мен ыдыстардың бар болуы мен қозғалысы туралы материалға – жауапты тұлғалардың есептілігі. Тауар ысыраптары есебі. Тауарлық – материалдық қорларды түгендеу. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы өз өнімдерін өндіру мен өткізудің есебі. Тауарларды өткізу бойынша шығыстар есебі.

**Күтілетін нәтижелер:** «Салалардағы бухгалтерлік есеп» пәнін оқып үйрену нәтижесінде студенттер, сауда ұйымдарында бухгалтерлік есеп жүргізудің тәжірибелік дағдыларын игеруі тиіс.

**Пререквизит:** Нарықтық экономика негіздері, Экономикалық теория

**Постреквизит:** Қаржы, Басқаруды талдау, салық және салық салу, Менеджмент, Маркетинг, Статистика

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**28.2 Пән атауы: Сыртқы экономикалық қызметтегі бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Сыртқы экономикалық қызмет есебінің ерекшеліктерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Сыртқы экономикалық қызметтің мазмұны мен бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Валюталық құндылықтар мен ұйымдар есебі. Экспорт және импорт тауарлар жеткізудің негізгі жағдайы және олардың есепке тигізетін әсері. Экспорттық операциялар есебі. Импорттық операциялар есебі. СЭҚ-те қолданылатын есеп айырысулардың формалары.

СЭҚ-тың бухгалтерлік есебі, бухгалтерлер мен басшылар үшін ерекшелігімен, маңыздылығымен, мақсатымен және оқып үйрену міндеттерімен анықталады. Студенттерді халықаралық есеп және есептілік жүйелерінің ұйымдық және методологиялық принциптерімен таныстыру көзделеді. Бұл үшін жағдайлық есептерді, іскерлік ойындарды, дәсүрлі оқыту әдістемелерімен қатар әртүрлі тестілерді пайдалану қажет.

**Күтілетін нәтижелер:** Сыртқы экономикалық қызметтегі бухгалтерлік есепті тәжірибеде жүргізу дағдыларының болуы. сыртқы экономикалық қызметтегі бухгалтерлік есепті тәжірибеде жүргізу дағдыларының болуы.

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:** жоқ

**Оқытушы:** Мамытбекова М.

**28.3 Пән атауы: Туризмдегі бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**: Туристік кәсіпорындағы бухгалтерлік есепті құрудың негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Туризмдегі экскурсиялық қызмет көрсету және тамақтандыруды ұйымдастыру. Ішкі және халықаралық туризм. Туристтік фирмалардағы құжаттама және түгендеу. Капитал, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, тауарлық – материалдық қорлар есебі, еңбек және туризмдегі еңбекке ақы төлеу есебі. Туристік қызмет көрсетудің өзіндік құнына кіретін шығындар есебі. Туристік қызмет көрсететін шаруашылық

субъектілерінің міндеттемелері мен ақша қаражаттарының есебі. Қаржылық нәтижелер есебі және туристік фирмалардың қаржылық есептілік жасауы. Халықаралық туризм есебінің ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелер:** Туризмдегі бухгалтерлік есепті тәжірибеде жүргізу дағдыларының болуы. Туристтік қызметтегі бухгалтерлік есепті тәжірибеде жүргізу дағдыларының болуы.

**Пререквизит:** Экономикалық теория

**Постреквизит:**

**Оқытушы:** Асилбеков Д.

**29.1 Пән атауы Бюджеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп (3 кредит,135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Мемлекеттік ұймдардағы есеп және есептілік пәні бухгалтерлік шоттар мен бухгалтерлік балансты студенттерге меңгертіп, банктің мүлкі мен олардың қайнар көздерінің есебін жүргізуді оқытып, қорытынды есеп жасауды, яғни қаржылық есеп беруді жасауды үйрету.

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Шағын кәсіпорындардағы бухгалтерлік есеп жүйесінің негізгі қағидаларын, әдістері мен есептің негізгі анықтамаларын қарастырады. Бухгалтерлік шоттар, бухгалтерлік баланс және оның құрамының сұрақтарын және есеп стандарттарын, құжат айналымының ұйымдастырылуын қарастырып, шағын кәсіпорындардағы қаржылық қорытынды есептілікті жасауды оқытады. Негізгі нормативтік құжаттар. Шағын кәсіпорын категориясын ұйымдастыруға жататын критерилер. Шағын кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Шағын кәсіпорындағы есеп және есеп берушілік бойынша салық салудың жеңілдетілген жүйесі.

**Күтілетін нәтижелер:** Шағын кәсіпорындардаесепті жүргізудің негізгі қағидалары мен жүргізу әдістерін, тәртібін үйренеді.

**Пререквизит:** Нарықтық экономика негіздері, Экономикалық теория

**Постреквизит:** Қаржы, Басқаруды талдау, салық және салық салу, Менеджмент, Маркетинг, Статистика

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**29.2 Пән атауы: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерекшеліктері (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерекшеліктерін оқып үйрену

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Сатып алушыларға немесе ұйымдарға оны кейіннен өткізу үшін өз өнімдерін өндіру (тамақ дайындау) қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының негізгі мақсаты болып саналады. «Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерешеліктері» курсында тамақтандыру кәсіпорындарындағы баға белгілеу тәртібі, өзінің өндіретін өніміне бағаларды калькуляциялау оқытылып үйретіледі. Сатып алынатын өнімдерді және өзі өндіретін өнімді құжаттамалық ресімдеу және оның есебі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қоймаларындағы, буфеттердегі және ас бөлмелеріндегі материалға – жауапты тұлғалардың есептілігі. Кулинариялық бұйымдар мен жартылай фабрикаттар өндіретін ас бөлмелері (кухнялар) мен цехтар операциялары есебінің ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелер:** студент қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерекшеліктерін білуі тиіс. студент қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы есептің ерекшеліктерін білуі тиіс.

**Пререквизит:** жоқ

**Постреквизит:** жоқ

**Оқытушы:** Сабдалина А.

**29.3 Пән атауы: Қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты**. туризмдегі және қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есепті құру негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны(негізгі тараулары):** Туризмдегі экскурсиялық қызмет көрсету және тамақтандыруды ұйымдастыру. Ішкі және халықаралық туризм. Туристтік фирмалардағы және қонақ үй бизнесіндегі құжаттама және түгендеу. Негізгі құралдар меншікті капиталының, материалдық емес активтердің, тауарлық – материалдық қорлардың есебі, еңбек есебі және

туризмдегі және қонақ үй бизнесіндегі еңбекақы төлеу есебі. Туристік қызмет көрсету мен қонақ үй сервисінің өзіндік құнына кіретін шығындар есебі. Туристік қызмет көрсететін шаруашылық субъектілерінің міндеттемелері мен ақша қаражаттарының есебі. Қаржылық нәтижелер есебі және туристік фирмалардың және қонақ үй шаруашылықтарының қаржылық есептіліктер жасауы. Халықаралық туризм есебінің ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелер:** Курсты оқып үйрену нәтижесінде студент туризмдегі және қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктерін білуі тиіс.

**Пререквизит:** жоқ

**Постреквизит:** жоқ

**Оқытушы:** Абдикеримова Г.

**30.1 Пән атауы: Құрылыстағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Құрылыстағы бухгалтерлік есеп міндеті. Құрылыстағы калькуляциялау.Құрылыстағы еңбек ақыны есептеу

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** . Құрылыстағы шығындар есебі. Материалдар мен оны алудың құрылыстағы есебі.

**Күтілетін нәтижелері** Құрылыстағы бухгалтерлік есеп пәні студенттерге есеп шоттарын есептеуді және оларды шешу жолдарын үйретеді.

**Пререквизит:** «Бухгалтерлік есеп қағидалары», «Қаржылық есеп»

**Постреквизит:** Саудадағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері, Экономика

**Оқытушы:** Асилбеков Д.

**30.2 Пән атауы: Қаржылық бақылау және аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** қаржылық бақылау мен аудиттің экономикалық мәнін, нарықтық экономиканы қалыптастыру жағдайындағы бақылаудың рөлін, қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірбиесінің ерекшеліктерін ашып көрсету, бақылау мен аудитті дамытудың басым бағыттарын анықтау.

Курсты оқып үйренуде қаржылық бақылау мен аудиттің нормативтік құқықтық және ғылыми - әдістемелік негіздері үлкен маңыз атқарады.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** Әртүрлі меншік нысандарындағы ұйымдар мен мекемелер қызметіне қаржылық бақылау мен аудит жүргізудің теориялық негіздері мен тәжірибелік дағдыларын игеруге студенттерге мүмкіндік береді. Экономикалық саясатты ойдағыдай жүзеге асыруды, бюджет, мақсатты, несие және өзге де қаражатты тиімді пайдалануға көмектесу бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады. қаржылық бақылау шаруашылық операцияларының заңдылығын белгілеу, мемлекеттік, коммерциялық, инвестициялық, банктік, сақтандыру және өзге де ұйымдарда қаржылық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану туралы мәліметтердің дұрыстығын анықтау үшін қажет.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттерге нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру жағдайында қаржылық бақылау мен аудиттің негізгі принциптерін игеруге, алынған білімдер негізінде студенттердің бойында, бақылау мен аудиттің дамуына қазіргі қойылатын талаптарға сәйкес, өздігінен шығармашылықпен ойлау, проблемаларды шешу жолдарын таба білу қабілеттерін қалыптастыру.

**Пререквизиттері:** Қаржы, Бухгалтерлік есеп қағидалары, Қаржылық есеп1,2, Басқару есебі.

**Постреквизиттері:** жоқ

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**30.3 Пән атауы: Қызмет көрстеу саласындағы бухгалтерлік есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қызмет көрстеу саласындағы бухгалтерлік есеп міндеті. Қызмет көрстеу саласындағы калькуляциялау. Қызмет көрстеу саласындағы еңбек ақыны есептеу

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** . Қызмет көрстеу саласындағы шығындар есебі. Материалдар мен оны алудың құрылыстағы есебі.

**Күтілетін нәтижелері** Қызмет көрстеу саласындағы бухгалтерлік есеп пәні студенттерге есеп шоттарын есептеуді және оларды шешу жолдарын үйретеді.

**Пререквизит:** «Бухгалтерлік есеп қағидалары», «Қаржылық есеп»

**Постреквизит:** Саудадағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері, Экономика
**Оқытушы:** Сабдалина А.

**2-траектория бойынша өтілетін пәндер 12 кредит (540 сағат)**

**31.1 Пән атауы: ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) және Халықаралық аудиттің стандарттарына (бұдан әрі – ХАС) көшу қажеттілігін мемлекеттің жалпы саясаты және Қазақстанда нарықтық экономиканы құруға бағдарланған реформалардың стратегиясы айқындайды.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары).** Әлемдік экономикалық жағдайдағы соңғы он жылдықта болған шапшаң өзгерістер бухгалтерлік есепке алуға және қаржылық есептілікке арналған ережелерді жасау кезінде елдердің қолданатын тәсілдерін айтарлықтай дәрежеде өзгертті. Капитал нарықтары ұлттық шекарадан тыс жерлерде кеңейіп, ұлттық экономикалардың дамуына байланысты кірігу процесі нығаюда. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі аса дамыған және алдыңғы қатарлы бухгалтерлік есепке алу стандарттары болып табылады деп есептеледі. Сондықтан да көптеген елдерде, мысалы Австралияда, Германияда, Ұлыбританияда шетел эмитенттері биржалардағы өздерінің есептілігін осы елдердің ұлттық стандарттарына емес, халықаралық стандарттарға сәйкес ұсына алады.

**Күтілетін нәтижелері** Қазіргі кезеңде Қазақстандағы бухгалтерлік есепке алу және аудит жүйесін дамытудың негізгі үрдісіне талдау жасалынады, алдағы жылдарда оны дамытудың жолдары мен нақты тетіктері танысып үйренеді..

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп және аудит, Аудит,
**Постреквизит:** Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2
**Оқытушы**: Шалабай С.

**31.2 Пән атауы: 1С - Бухгалтерия (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** 1С-Бухгалтерия бағдарламалық кешенінде жұмыс жасаудың теориялық және тәжірибелік дағдыларын алу, алынған білімдерді есеп және аудит аясында пайдалану.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

Алгоритмдік тілдер және бағдарламалау. Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету. Бухгалтерлік бағдарламалық кешендер: Лука, Алтын, 1С-Бухгалтерия. 1С-Бухгалтерияның бағдарламалау тілі. Жұмыс жағдайына келтіру. Есеп конфигурациясы. Object Pascal жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілі. Мәліметтер қорын жасау. Мәліметтер қорын басқару. Object Pascal көмегімен экономикалық есептерді шешу.

**Күтілетін нәтижелер**: 1С-Бухгалтерия бағдарламалық кешенінде жұмыс жасау дағдыларына ие болу, алынған білімді есеп және аудит аясында пайдалану.

**Т.А.Ж. жүргізуші оқытушы:**
**Пререквизиттері:** Информатика, Бухгалтерлік есеп қағидалары.
**Постреквизиттері:** жоқ.
**Оқытушы:** Стамкулова М.

**31.3 Пән атауы: Есептегі компьютерлік технологиялар (3кредит, 135 сағат)**

**Мақсаты:** бағдарламалық кешенде жұмыс жасаудың теориялық және тәжірибелік дағдыларын алу, алынған білімді есеп және аудит аясында пайдалану.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** Қазіргі жағдайда бухгалтерлік есепті автоматтандыру бойынша бағдарламалық өнімдер ұғымдары сыныптамасының мәні. Бухгалтерлік бағдарламалар нарығы. «1 С бухгалтерия» пакетімен жұмыс жасаудың тағайындалуы, құрылымы мен жалпы принциптері. Шоттарды, субконтоны және өзге де параметрлерді жұмыс жағдайына келтіру: синтетикалық және аналитикалық есеп. Операциялар журналының тағайындалуы және оған түзетулер жасау. Операцияларды қарап тексеру аралығы бухгалтерлік хаттамалардың (проводкалардың) дұрыстығын тексеру. Бухгалтерлік хаттамалар (проводкалар) сомаларын есептеу формулаларының, типтік операцияларының негізгі мүмкіндіктері. «Құжаттар және есеп айырысулар» режимінің тағайындалуы. Стандартты есептер қалыптастыру және басып шығару:

операциялар журналы бойынша есеп, шахматтық ведомосі, айналым сальдо ведомосі, журнал – ордер және шот бойынша ведомосі, талдау және шоттар карточкасы, субконто. Еркін үлгілердегі есептер. Сервистік мүмкіндіктер. Макро-тіл.

**Күтілетін нәтижелер:** ҚР-да пайдаланылатын бухгалтерлік бағдарламалардың құрылу және жұмыс істеу негіздерін білу.

**Пререквизиттері:** Информатика, Бухгалтерлік есеп қағидалары.

**Постреквизиттері:** жоқ.

**Оқытушы:** Ажибекова А.

**32.1 Пән атауы: Тереңдетілген аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Тереңдетілген аудиттің маңызы, мақсаты және түрлері. Аудиторлық қызмет және оны нормативті-құқықтық реттеу. Тереңдетілген аудит жүргізгенде екі жақтың жауапкершілігі, міндеттері және құқықтары. Тәжірибелік аудиттің құрылымы, тұжырымдамасы мен қағидалары. Тереңдетілген аудиттің постулаттары, нормалары. Тереңдетілген аудиторлық тәуекелділік. Тәжірибелік аудиттік дәлелдеу. Ішкі бақылаудың жүйесі.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Тереңдетілген аудит сұрыптау. Тереңдетілген аудиторлық тексеруді жоспарлау және оның көлемі. Мәліметтерді электрондық өңдеу аудиті. Аудиторлық есеп: құрастыру және оны беру тәртібі. Ұйым қызметкерлерінің тізімін кіргізуге арналған анықтама. Шоттар жайлы түсінік. Жауапты тұлғалар есебі жүргізілуі. Кассадағы ақша қаражаттарының есебінің жүргізілуі. Есеп айырысатын шоттағы ақша қаражаттарының есебі жүргізілуі қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелері** Пән бойынша Қаржылық есептілікті аудиторлық тексеру, және оның әдістерін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есеп және аудит, Аудит,

**Постреквизит:** Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2

**Оқытушы**: Рысбаева С.

**32.2 Пән атауы: Компанияның қаржылық стратегиясы (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Компанияның қаржылық стратегиясын іске асыру бойынша бағдарламалар мен жобаларды құру бағыттарын, капитал құрылымы облысында компанияның саясатын және стратегиялық жоспарлау көрсеткіштерін оқыту.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы оның дамуының маңызды элементі ретінде. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы және оның қаржылық стратегияның қалыптасуына әсері. Стратегияны кәсіпорынның қаржылық жағдайымен байланыста өңдеу процесі. Кәсіпорынның қаржыларын басқаруды стратегиялық жоспарлау процесі.

**Күтілетін нәтижелері:** Кәсіпорынның қаржылық жағдайымен байланысты стратегияны өңдеу процесін, капитал құрылымын басқаруды біледі.

**Пререквизит:** Менеджмент, Маркетинг, Макроэкономика, Микроэкономика.

**Постреквизит:** Экономикалық теория, Қаржы менеджменті, Қаржы.

**Оқытушы:** Ли Светлана

**32.3. Пән атауы: Инвестицияны экономикалық бағалау(3 кредит, 135 сағат)**

**Пәннің мақсаты:** студенттердің инвестицияларды экономикалық бағалау әдістері мен үрдістерін, инвестициялық қызметтің теориялары мен тәжірибесін меңгеруі; инвестициялық жобаларды тиімді бағалауда компьютерлік технологияларды қолдануды таныстыру, сонымен қатар нарықтық экономика негіздерінің теориялық білімдерін бекіту.

**Пәннің мазмұны:** Өндірістің дамуында инвестициялардың атқаратын ролі. Инвестициялық жоба экономикалық бағалаудың нысаны ретінде. Инвестициялар тиімділігін анықтаудың теориялық аспектілері. Инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтау принципі. Инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін анықтау әдістерінің жалпы сұрақтары. Экономикалық тиімділіктің көрсеткіштерін есептеу алгоритмі. Инвестициялық жобалардың тиімділігін әдістемелік бағалау. Акционерлік (жеке) капиталға арналған жобаға қатысу үшін тиімділікті бағалау. Жобалауда және дефлирлік бағаларда тиімділікті бағалау.

**Күтілетін нәтижелері:** инвестициялық операциялар классификациясы мен инвестициялық операциялардың тәуекелдерін бағалау тәсілдерін білу; инвестициялық жобалардың тиімділігін және қаржы салымдарына инвестициялық тартуды анықтаудың есептеулерін жүргізе алу; есептеулер нәтижелерімен инвестициялардың тиімді нұсқаларын таңдай алу, инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін анықтау.

**Пререквизит:** Менеджмент, Маркетинг, Макроэкономика, Микроэкономика.

**Постреквизит:** Экономикалық теория, Қаржы менеджменті, Қаржы.

**Оқытушы**:Бурлибаев Т.

**33. 1 Пән атауы**: **Халықаралық компаниялардағы есеп және аудит (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Халықаралық компаниялардағы есеп және аудиттің мәні, маңызы мен негізгі қағидаларын үйрету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Әлемдік экономикалық жағдайдағы соңғы он жылдықта болған шапшаң өзгерістер компанияның бухгалтерлік есепке алуға және қаржылық есептілікке арналған ережелерді жасау кезінде елдердің қолданатын тәсілдерін айтарлықтай дәрежеде өзгертті. Капитал нарықтары ұлттық шекарадан тыс жерлерде кеңейіп, ұлттық экономикалардың дамуына байланысты кірігу процесі нығаюда. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемдегі аса дамыған және алдыңғы қатарлы бухгалтерлік есепке алу стандарттары болып табылады деп есептеледі. Сондықтан да көптеген елдерде, мысалы Австралияда, Германияда, Ұлыбританияда шетел эмитенттері биржалардағы өздерінің есептілігін осы елдердің ұлттық стандарттарына емес, халықаралық стандарттарға сәйкес ұсына алады.

**Күтілетін нәтижелері** Қазіргі кезеңде халықаралық компаниялардағы есеп және аудит жүйесін дамытудың негізгі үрдісіне талдау жасалынады, алдағы жылдарда оны дамытудың жолдары мен нақты тетіктері танысып үйренеді.

**Пререквизит: :** Бухгалтерлік есептің принциптері, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2

**Оқытушы:**Асилбеков Д.

**33.2 Пән атауы: Халықаралық есеп (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданған есептің іргелі қағидаларын оқып үйрен

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Халықарылық есеп жүйесінің ұйымдық және методологиялық принциптері. Халықаралық бухгалтерлік жүйелер, халықаралық есеп жүйесін дамытудағы үкіметаралық және халықаралық, кәсіптік ұғымдардың рөлі. Есеп пен есептілік принциптерін заңнамалық реттеу. Бухгалтерлік есеп шоттары жоспарларының халықаралық жүйелері. Бухгалтерлік білім мен әдептің халықаралық стандарттары. АҚШ-тағы бухгалтерлік есеп методологиясы. Ұлыбританиядағы, Франциядағы, Жапониядағы есептің ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелері** студент:

- есепті жетілдірудің негізгі бағыттарын, халықаралық тәжірибені оқып үйрену негізінде бухгалтерлік кәсіби әдепті, кәсіби білімді анықтай білуі тиіс.

**Пререквизит: :** Бухгалтерлік есептің принциптері, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2

**Оқытушы:** Кембаева Р.

**33.3 Пән атауы: Халықаралық есеп жүйелері (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданған есептің іргелі қағидаларын оқып үйрену

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)**

Халықаралық есеп жүйелерінің сипаттамасы. Бухгалтерлік жүйенің сипаттамасы. Ұлттық және ұлтаралық жүйелер. Бухгалтерлік жүйелердің тарихи дамуы. Британиялық, американдық, европа – континентальдық. Британиялық, франко – испан – португалиялық, германо – нидерландық, американдық есеп жүйелері. Британиялық, латынамерикандық, европа –

континентальдық, американ- Халықаралық есеп пен есепберу жүйесі туралы білімі мен түсінігін көрсете білу. Осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу.

**Күтілетін нәтижелері** студент:

- Дәйектемелер құрастыру және халықаралық есеп жүйелері аймағындағы проблемаларды шешу.
- Әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажет ақпараттарды жинау және интерпретациялауды жүзеге асыру.
- Ақпараттарды, идеялар, проблемалар және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де хабарлау.

**Пререквизит:** Бухгалтерлік есептің принциптері, Бухгалтерлік есеп

**Постреквизит:** Аудит, Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп 2

**Оқытушы:** Стамкулова М.

**34. 1 Пән атауы: Халықаралық банктік операциялар (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** – болашақ мамандарға халықаралық банктік операциялар саласында кәсіптік білімдерді қалыптастырып, практикалық аспектіде олардың қазіргі нарық экономикасындағы мәнін, қызметтерін және ролін ашу болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** – Халықаралық банктік операциялардағыі бухгалтерлік есеп ұйымдастыру қағидаттарын заңдылықтарын оқу, қазіргі банк жүйесі мен оның элементтерін ұйымдастыру, макроэкономикалық реттеудегі банктің ролін, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайындағы банктегі бухгалтерлік есептің ролін оқыту.

**Күтілетін нәтижелер:** Студенттер алған білімдерінің нәтижесінде банктегі бухгалтерлік есептің мәні мен негізгі принциптерін оқып үйренеді.

**Пән пререквизиттері:** Экономикалық теория, Басқару есебі**,** Қаржылық есеп

**Пән постреквизиттері:** Қаржылық есеп, Бухгалтерлік іс- кағаздарды жүргізу

**Оқытушы:** Шалабай С.

**34.2 Пән атауы: Ұзақ мерзімді банктік инвестициялар (3кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты** Банктік инвестициялар туралы теориялық және практикалық білім алу.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары)** Экономиканың нақты секторында және бағалы қағаздар нарығында коммерциялық банктердің инвестициялық қызметтерінің негізгі бағыттары. Инвестицияларды ұзақ мерзімде несиелеу үшін банктік ресурстардың қалыптасу тәртібі. Күрделі қаржы жұмсау – экономиканың нақты секторын ұзақ мерзімді несиелеу объекті. Коммерциялық банктердің инвестициялық жобаларын а экспертиза жасау тәртібі. Банктік тәуекелдерді жіктеу, банктік тәуекелдердің пайда болу көздері. Банктік тәуекелдерді азайту әдістері.

**Күтілетін нәтижелері** Студенттер банктік инвестициялардың макро және микро деңгейде маңызын және рөлін оқып үйренулері тиіс.

**Пән пререквизиттері:** Экономикалық теория, Басқару есебі**,** Қаржылық есеп

**Пән постреквизиттері:** Қаржылық есеп, Бухгалтерлік іс- кағаздарды жүргізу

**Оқытушы: Асилбеков Д.**

**34.3 Пән атауы: Валюталық операциялар (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қызмет етуі мен теориялық аспектісін, сонымен қатар қазіргі банктік тәжірибеде валюталық операцияларды жүзеге асыру әдістері мен нысандарын, сонымен қатар шарттары мен тәртібін оқып үйренеді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** ҚР валюталық реттеу, реттеудің әдістері мен тәсілдері. Валюталық операциялардың түрлері. Жабық валюталық позициялардың әдістері және олардың түрлері. Қолма қол «спот» операцияларды және «форвард», «валюталық фьючерстер», «своптар», «опциондар», «арбитраждар» жүргізу тәртібі. Валюталық тәуекелдерді сақтандыру. Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған валюталық нарықтар мен валюталық биржалар. Жүзуші бағамдар. Валюта бағамын қалыптастырудың нарықтық әдісі. Валюталық интервенция.

**Күтілетін нәтижелері:** Қызмет етуінің негізгі заңдылықтары мен тенденциялары, сонымен қатар қазіргі заманғы банктердің валюталық операцияларының, валюталық мәмілелердің жағдайларын қарастыру, банк қызметіндегі валюталық операциялардың тиімді ұйымдастыру

әдістері, формалары мен принциптерін сонымен қатар Қазақстан Республикасы территориясында жүргізілетін валюталық операциялардың механизмі мен тәжірибесінің теориялық негізін білу.

**Пән пререквизиттері:** Экономикалық теория, Басқару есебі**,** Қаржылық есеп

**Пән постреквизиттері:** Қаржылық есеп, Бухгалтерлік іс- кағаздарды жүргізу

**Оқытушы:** Стамкулова М.